



ӘЛЕУМЕТПЕН БІРГЕМІЗ!

11,9 млрд теңгеге
қайырымдылық
жобасы

5

● ҚАЛА ҚҰНДЫЛЫҚТАРЫ



ЖӘДІГЕРЛЕР «СӨЙЛЕСІН»

8

● ҚАНДАСТАР



АССАЛАУМАҒАЛЕЙКҮМ, АҒАЙЫН!

Биылғы 1 қыркүйектегі
ахуал бойынша 16 026
этникалық қазақ тарихи
Отанымен табысып, қандас
мәртебесін алды

12

Almaty AQSHAMY



Газет 1988 жылдың 1 шілдесінен бастап шығады | №115 (6408) 28 қыркүйек, бейсенбі, 2023 жыл. | www.almaty-akshamy.kz

● РЕСМИ САПАР

ОРТАЛЫҚ АЗИЯ – ГЕРМАНИЯ

мемлекеттері басшыларының кездесуі



Мемлекет басшысы
28-29 қыркүйек күндері
Германия Федеративтік
Республикасына ресми
сапармен барады.

Еліміздің Президенті Қасым-Жомарт Тоқаев Берлинде Федералдық Канцлер Олаф Шольцпен және Федералдық Президент Франк-Вальтер Штайнмайермен келіссөз жүргізеді. Сонымен қатар, Орталық Азия мен Германия мемлекеттері басшыларының кездесуіне қатысады деп жоспарланып отыр. Бұдан бөлек, сапар аясында Мемлекет басшысы халықаралық Berlin Global Dialogue форумында сөз сөйлейді, Германияның іскерлік қоғамдастығы өкілдерімен бірқатар кездесу өткізеді.


3

● ӘКІМ

ЕКІЖАҚТЫ ҮНТЫМАҚТАСТЫҚ

Алматы қаласының әкімі мен Сеул мэрі цифрландыру және көлік инфрақұрылымын дамыту мәселелерін талқылады

Қала әкімі Ерболат Досаев жұмыс сапарымен Сеулге барды. Алматы делегациясын Сеул мэрі О Се Хун қабылдады. Тараптар БҰҰ Бас Ассамблеясының екіжақты әріптестікті дамыту форумында Қазақстан Президенті Қасым-Жомарт Тоқаев пен Оңтүстік Кореяның президенті Юн Сок Ёлдің екі ел арасында жоғары деңгейде белгілеген уағдаластықтарды іске асыру мәселесін талқылады.



Ерболат Досаев пен О Се Хун тұрақты экономикалық өсуді қамтамасыз ету, Smart City құру, мегаполистердің көлік инфрақұрылымын дамыту, инновацияларды енгізудің маңызы және т.б. мәселелерді талқылады.

«Сеул – әлемдегі ең қарқынды дамып келе жатқан қалалардың бірі. Сеулдің технологиялық даму, жедел қоғамдық көлікті жаңғырту, жеке инвестиция тарту, қалдықтарды кәдеге жарату және экологиялық мәселені шешу, туристерді тарту тәжірибесі Алматы үшін қызықты әрі пайдалы», – деп атап өтті Алматы қаласының әкімі әңгіме барысында.

4

● KAZHYDROMET.KZ

Алматы қаласы бойынша
ауа райы болжамы
(бүгін және ертең)

28.09.2023

Түнде:



+11+13 °C

Көшпелі бұлтты,
жауын-шашынсыз.

Күндіз:



+21+23 °C

Көшпелі бұлтты,
жауын-шашынсыз.



Желдің жылдамдығы:
2-7 м/с

29.09.2023

Түнде:



+11+13 °C

Көшпелі бұлтты,
жауын-шашынсыз.

Күндіз:



+19+21 °C

Көшпелі бұлтты,
жаңбыр, найзағай.



Желдің жылдамдығы:
2-7 м/с

www.almaty-akshamy.kz





ЖОЛДАУ – 2023



ОЛЖАС БЕКТЕНОВ:

АЗАМАТТАР МЕН
БИЗНЕС ӨКІЛДЕРІ

Жолдаудың нақты нәтижесін сезінуі керек

Президент Әкімшілігінің Басшысы Олжас Бектенов
Мемлекет басшысының Қазақстан халқына Жолдауын
іске асыру барысына арналған кеңес өткізді.

Басқосуға Президенттің көмекшілері мен кеңесшілері, Үкімет басшылығы қатысты. Ұлттық экономика министрі Әлібек Қуантыров Мемлекет басшысының Жолдауда берген тапсырмаларын орындау үшін Үкімет тарапынан атқарылып жатқан жұмыс туралы баяндама жасады.

Президент Әкімшілігі Басшысының айтуынша, Жолдау ел экономикасын қайта құруға және эконо-

микалық серпіліс жасауға бағытталған жүзден астам нақты тапсырманы қамтиды. «Орталық және жергілікті атқарушы органдар Президент тапсырмаларын орындау үшін барынша жедел әрі толыққанды шаралар қабылдауы қажет. Еліміздің азаматтары мен бизнес өкілдері жуық арада Жолдаудың нақты нәтижесін сезінуі керек», – деп атап өтті Олжас Бектенов.

ЕЭК КЕҢЕСІ

ҚАЗАҚСТАН ҰСЫНЫСЫ
ҚАБЫЛДАНДЫ

Көліктерге SOS батырмасын орнату талаптары төрт жылға шегерілді

26 қыркүйекте Мәскеуде өткен ЕЭК Кеңесінің отырысында Қазақстан отандық өндірушілер мен шетелдік автокөлік өндірушілерінің ресми дистрибьюторларының көлік құралдарын 2027 жылғы 31 желтоқсанға дейін жедел қызметтерді шақыруға арналған құрылғылармен немесе жүйелерімен (SOS батырмасымен) жабдықтамау құқығын қорғады.

Премьер-министрдің орынбасары Серік Жұманғарин бастаған қазақстандық тараптың ұсынысымен ЕАЭО-ға мүше барлық елдер келісті. Тиісті өзгерістер Кеден одағы комиссиясының 2011 жылғы шешіміне енгізіледі. Осылайша отандық автокөлік өндірушілері мен шетелдік өндірушілердің ресми өкілдері 2027 жылдың 31 желтоқсанына дейін жедел қызметтерді шақыру құрылғыларымен жабдықтаусыз сәйкестікті бағалауды жүргізе алады және М және N санатындағы (жүк және жолаушылар тасымалы) көлік құралдарын айналымға шығара алады.

• Мұндай шешім Қазақстанның автомобиль саласының дамуына оң әсерін тигізеді. Көлік құралдарының модельдік желісін кеңейтуге және Қазақстан нарығына жаңа брендтердің келуіне ықпал ететін болады.

ЕАЭО елдерінің аумағына әкелінетін N және M санатындағы жеке автокөлікті шұғыл және жедел қызметтерді шақыру құрылғыларымен (SOS батырмасымен) жарактандыру жөніндегі талаптар Кеден одағы-



ның техникалық регламентінде айқындалған еді. 2024 жылдың 1 ақпанына дейін ЕАЭО елдерінің аталған санаттағы көлік құралдарын ресми импорттаушылар мен өндірушілер бұл міндеттемелерден босатылған болатын.

Автокөлік иелерінің қондырғы құнының қымбаттығы (шығарылған жылына байланысты кедендік тарту құнының іс жүзінде 25%-ы), SOS түймелерін дайындауға арналған чиптер мен бөлшектердің тапшылығы туралы өтініштерін назарға ала отырып, сондай-ақ қалыптасқан геосаяси жағдайға байланысты шетелдік автоөндірушілердің ресейлік сынақ зертханаларында аккредиттелген осы құрылғылардың іске қосылуына бағалау жүргізе алмауы, міндетті жарактандыру мерзімін ұзарту мәселесін қазақстандық тарап бірнеше рет көтерді. Енді ЕАЭО елдерінің аумағына өз қажеттіліктері үшін әкелінетін M және N санаттағы көлік құралдары 2027 жылдың 31 желтоқсанына дейін шұғыл және жедел қызметтерді шақыру жүйелерімен міндетті жарактандыру талабынан босатылады.

ҮКІМЕТТЕ НЕ ЖАҢАЛЫҚ?

СУАРУ МЕН СУ ҮНЕМДЕУ

Қазақстан израильдік ауыл шаруашылығы технологиясы мен су ресурсын басқару әдістерін зерттейді



• ҚР Премьер-министрі Әлихан Смайылов пен «Израиль-Қазақстан» сауда-өнеркәсіп палатасының төрағасы Михаэль Роэ Қазақстанда агроөнеркәсіп кешенін дамыту және су ресурстарын басқару жөніндегі израильдік тәжірибені қолдану перспективаларын талқылады.

Кездесу барысында суару тиімділігін арттыру, суды үнемдеу, тамшылатып суарудың заманауи технологияларын енгізу, аграрлық ғылымды дамыту, сондай-ақ мал шаруашылығында, сүт өндіруде және құс шаруашылығында жаңа тәсілдерді қолдану мәселелері жан-жақты талқыланды.

Әлихан Смайылов ҚР Үкіметі серіктестікті кеңейтуге және Израильмен көпқырлы өзара тиімді қарым-қатынастарды нығайтуға үлкен мән беретінін баса айтты. Атап айтқанда, ол елдің ауыл шаруашылығы саласындағы үздік жетістіктері қызығушылық тудыруда. «Біз израильдік технологияларды зерттеуге және оларды агроөнеркәсіп кешенін дамытуға серпін беру үшін тартуға дайынбыз. Суару және су үнемдеу мәселелері де өте өзекті. Біз мемлекеттің осы салаға бағыттап отырған қаражатының тиімділігін арттырып, нақты нәтижелерге қол жеткізгіміз келеді», – деді Премьер-министр.

Бұл ретте ол әрбір деңгейді жеке қарап, қажетті түзетулер енгізіп отыру үшін бүкіл өндірістік циклді ескеру маңызды екенін айтты.

«Мысалы, агрегаттар құрастыру, машина жасау және басқа да жабдықтарды өзімізде шығару үшін мемлекет тарапынан қандай қолдау шаралары болуы керек, ғылым, білім және өндіріс салаларынан қандай қолдау қажет болады. Мұның барлығын кешенді түрде қарастыру керек. Біз бұл бағыттар бойынша бірлесіп жұмыс істеуге дайынбыз», – деді Әлихан Смайылов.

Михаэль Роэ Қазақстанның ішкі нарық қажеттіліктерін толығымен өтеуге әлеуеті жеткілікті екенін және АӨК-ті дамытудың кешенді тәсілі арқылы жаһандық азық-түлік қауіпсіздігін қамтамасыз етуге зор үлес қоса алатынын атап өтті. Ол Мемлекет басшысының Жолдауын іске асыру шеңберінде ауыл шаруашылығы саласында израильдік агротехнологиялар мен су ресурстарын басқару әдістерін қолдануға кешенді қолдау көрсетуді ұсынды.

Кездесу қорытындысына сәйкес тәжірибе алмасу және барлық айтылған мәселелер бойынша бірлескен жұмысты жақын арада ұйымдастыру туралы уағдаластыққа қол жеткізілді.

ТРАНСШЕКАРАЛЫҚ ХАБ

желісін құру барысы талқыланды

• Қазақстан Орталық Азия мен Каспий өңірінде толыққанды көлік-логистикалық хаб болуға ниетті. Мемлекет басшысы осындай міндет қойды және оны іске асыру үшін еліміздің айналасында, Қытай, Қырғызстан, Өзбекстан, Ресей Федерациясы және Каспий шекараларында көлік-логистикалық және сауда тораптары құрылуда.

Осы желіні құру бойынша жұмыс барысын бақылау үшін Премьер-министрдің орынбасары Серік Жұманғарин барлық мүдделі мемлекеттік органдармен, инвесторлар өкілдерімен, осы ірі жобалар іске асырылып жатқан өңірлердің әкімдіктерімен жедел штаб отырысын өткізді.

Каспий торабында «Саржа» көпфункционалды теңіз терминалын салу жобасы толық қарқынмен және белгіленген мерзімде жүріп жатыр. Терминалдың қуаты – жылына 10 млн тонна, аяқталуы – 2030 жыл. Жоба аясында қуаты 1,5 млн тонна астық терминалы, қуаты 1 млн тонна жалпы жүк терминалы, қуаты 2 млн тонна әмбебап терминал, қуаты 5,5 млн тонна сұйық жүк терминалы және көлік-логистикалық орталығы (КЛО) салынады. КЛО, астық терминалы, жерүсті инфрақұрылымы құрылысының алғашқы кезеңдері аяқталды. «Ақтау» және «Құрық» порттарында контейнерлік хаб салу жұмыстары басталды.

«Semurg invest» ЖШС өкілі жалпы жүктердің терминалы жұмыс істеуге толық дайын

екенін айтты: жақында алғашқы 10 вагон қабылданып, барлық қажетті теміржол салынып, кеме айлағы бар пирстер пайдалануға берілді. Мұның бәрі 2023 жылы Каспий маршрутының экспорттық әлеуетін арттыруға мүмкіндік береді.

Серік Жұманғарин кеңесте атап өткендей, Каспий көлік торабының жобасы Мемлекет басшысының Челябинск қаласынан Иранға Қазақстан арқылы тез жүретін пойыздарға арналған теміржол магистралін салу туралы тапсырмасымен бірге қаралуы тиіс. Аталған магистралдің құрылысы – Еу-

разия кеңістігіндегі ауқымды кооперациялық жоба. Ол үшін «Бейнеу – Маңғыстау» теміржол желісінің және «Бейнеу – Шалқар» автомагистралінің учаскесіндегі «тар жерлерді» реконструкциялау қажет.

Қырғызстанмен шекарада орналасқан «Алатау» индустриялық сауда-логистикалық кешенін (СЛК) индустриялық аймақ ретінде іске қосу жоспарланып отыр. «Еуразия» трансшекаралық сауда орталығы (ТСО) ЕАЭО аумағында халықаралық экономикалық алаңға айналуға ниетті.

Қорғас торабында Қытай және Азия-Тынық мұхиты азық-түлік нарықтарына экспорттау үшін қазақстандық және шетелдік өндірушілердің азық-түлік өнімдерін жинайтын, сақтап, әрі тарататын орынға айналатын азық-түлік хабын құру жоспарланып отыр. Бұл Қазақстан мен Қытайдың азық-түлік қауіпсіздігін айтарлықтай нығайтуға мүмкіндік береді. Қазақстанды Еуразия кеңістігіндегі қуатты көлік-логистикалық хабқа әртараптандыру аясында азық-түліктің саласының болашағы зор. Мұнда азық-түлікті, оның ішінде ерекше температуралық режимді қажет ететін тауарларды, атап айтқанда, теңіз өнімдерін, жемістер мен көкөністерді, ет-сүт және қатты мұздатылған өнімдерді сақтауға маманданған «А» деңгейіндегі заманауи азық-түлік хабын салу қажет. Қазіргі уақытта «Қорғас» ШЫХО аумағында оның құрылысы үшін ауданы кемінде 50 га жер учаскесі айқындалды.



«АҚШАМ-АҚПАРАТ».
(Дереккөздер: Primeminister.kz).



САРАПТАМА

БЕРЛИН БЕЛІН БЕКЕМ БУДЫ:

АЙМАҚТАҒЫ ДЕРЖАВАЛАР БӘСЕКЕСІ ҚЫЗА ТҮСУДЕ

Ертең, 29 қыркүйекте Орта Азия елдерінің президенттері Берлинде Германия канцлері Олаф Шольцпен бас қосады. Германия мен аймақ елдерінің ынтымағын дамытуға бағытталған жиын федералдық канцлерінің шақыруымен өткелі тұр. Сонымен, бұл – Еуропалық Одаққа мүше елдің Орта Азия басшыларымен мұндай форматта алғашқы басқосуы. Бұл жиын аймаққа ықпал еткісі келетін тағы бір ойыншыны ресми түрде сахнаға шығармақ. ЕО елдері арасынан Германия аймақпен қарым-қатынасты дамытуға белсенділік көрсетіп отыр.



Сөздің турасын айтқанда, Орта Азияға ықпал етуге деген ірі державалар арасындағы бәсеке қызып тұр. Жыл басынан бері әлемдегі ең негізгі күш орталықтары түгелге жуық біздің аймақпен диалогқа шығуға талпынды. Ресей о бастан аймаққа ықпал етуші сыртқы күш саналатын болса, мамыр айында Қытай басшы Ши Жиньпің (Си Цзиньпин) бес ел президентін Сиань қаласына шақырып, қызыл кілем үстінде күтіп алды; бір айдан кейін Еуропалық кеңес төрағасы Қырғызстанның Чолпан-Ата қаласына келіп, аймақ елдерінің президенттерімен кеңесіп қайтты; қыркүйектің орта шенінде АҚШ президенті ортазиялық әріптестерімен алғаш рет 5+1 форматында кездесті. Содан 10 күн өтпей жатып канцлер Шольц Қазақстан, Өзбекстан, Қырғызстан, Түркіменстан және Тәжікстан президенттерін Берлинде күтіп алғалы отыр.

Берлиндегі түскі асқа не дайындалады?

Германия тарапы аймақтағы мүддесін бекемдей түсу үшін кезекті кездесуге баса мән беруде. Аймақ басшыларымен кездесудің форматын да біршама еркін ете түскен. Түскі ас үстінде алты тараптың басшылары өздеріне ортақ бірқатар мәселелерде диалог өткіз-

бек. Түскі астың, яки басқосудың негізгі мақсаты аймақ пен Германияның экономикалық ынтымағын дамыту. Сөз-лебіздер де осыған бағытталады. Арасында аймақтың ішкі экономикалық байланыстары да сөз етілмек. Әрине, Орта Азия мен Германия үшін бірдей маңызды болатын байланыс мәселелерін де қоса талқылайды.

Кездесудің негізгі тақырыбы жайында тараптар алдын ала ресми мәлімдемелер жасаған болатын. Айталық, Германия Федерациялық үкіметінің баспасөз хатшысы Штеффен Хебестрейт кездесуде энергетика саласындағы ынтымақтасу мәселесі де сөз болатынын жеткізген еді. «Келіссөздер екіжақты қарым-қатынастар, экономикалық мәселелер және энергетикалық саясат саласындағы ынтымақтастық сияқты көптеген тақырыптарды қамтуы мүмкін», – деген болатын Хебестрейт сөзінде.

Берлинде канцлер Шольцтан бөлек, президент Франк-Вальтер Штайнмайер де Орта Азиядан барған әріптестерімен кездесу өткізбек. Естеріңізде болса, президент Штайнмайер Қазақстанға сапары кезінде де екіжақты және көпжақты мәселелер бойынша пікір алмасып қайтқан болатын.

Әуелгі екіжақты кездесу Қазақстан Президентімен өтеді

Германия жоғары лауазымдылары еліне барған Орта Азия басшыларымен тек көпжақты ортақ кездесулермен шектеліп қалмайды. Шольцпен өтетін 5+1 форматындағы жиынның алды-артында аймақтағы бес елдің президенттерімен жекелеген кездесу де болады. Канцлер Шольц Қазақстан Президенті Қасым-Жомарт Тоқаевпен саммиттен бір күн бұрын, яғни бүгін, 28 қыркүйек күні кездескелі отыр. Өзбекстан, Тәжікстан, Қырғызстан және Түркіменстан президенттерімен екіжақты келіссөз отырыстары саммиттен кейін, 29 қыркүйекке жоспарланған.

Білесіздер, өткен аптада Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев пен канцлер Шольц бірлескен баспасөз жиынын өткізген еді. Қазақстанмен энергетика саласында және өзге де бірқатар маңызды салаларда екіжақты тиімді қарым-қатынасты дамыта түсуге ниетті екенін білдірген. Астана мен Берлин қарым-қатынасы биыл тың қарқынға ие болды. Оның да өзіндік себебі айқын. Түптеп келгенде, бір ғана Германия емес, жалпы Еуропалық Одақтың аймаққа болған қызығу-

шылығы бұрынғыдан арта түсті. Бұны төменгіше тарқатып кетуге болады.

Инвестициялық тәуелділіктен шығаруды көздейді

Анығын айтқанда, Германия табиғи ресурстарға бай аймақпен ынтымаған дамытуға зәру. Әсіресе, энергия саласында аймақтың рөлі айрықша көріне түсті. Оның себебі айтпаса да түсінікті. Украинадағы жағдайдан кейін әлемдегі ірі нарық әрі тұтынушылық деңгейі жоғары Еуропа энергия саласында Ресейге тәуелділігін қысқартып келеді. Бірақ бұған дейін Еуроаймақтың басым көп қажетін өтеп келген ресейлік энергия экспортының орнын толтыру оңай болып жатқан жоқ. Көптеген сарапшылар Еуропа үшін биылғы қыс былтырғыдан да қатты сынақтармен келеді деп болжайды. Былтыр Ресей газының орнына толтырған қоры биылды қамтамасыз етуге толық жетпейді. Оның үстіне алдағы жылдары газ қорын тіпті де көбірек толтырып отыруға тиіс. Оның үстіне шығыстан Қытай да аймаққа белсенді ұмтылыс жасап жатқан тұста ЕО-ның үнсіз қалуы мүмкін емес. 2022 жылдың ақпанынан бері Еуропа Кеңесінің төрағасы Шарль Мишель Орта Азияға екі рет келіп кетті. Біздің аймақтағы Еуропалық одақ мүддесін осы қырынан қарастыруға болады.

Ал Германияның жеке мүддесі де осыған жақын. Шын мәнінде, Германияның Орта Азия елдерімен ынтымақтасуды қолға алуы ЕО-ның мүддесін тіпті де бекемдей түсуге жасалған қадам. Өзінің энергетика саласындағы қауіпсіздікті қамтамасыз етудің сыртында, Берлиннің белін бекем бұған тағы бір міндеті бар. Ол болса, Орталық Азияны Ресей мен Қытай инвестицияларына тәуелділіктен шығаруды көздейді. Бұның қатарында сауда тәуелділігін төмендету мәселесі де жатыр. Міне, осының бәрі ірі ойыншылардың аймақтағы бәсекесі аса жоғары деңгейде екенін байқатады.

Естай БОЖАН,
сарапшы.



БАЙЫПТАМА

ӨЗБЕКСТАН:

ДІНИ РАДИКАЛИЗММЕН КҮРЕС БАСТАЛДЫ МА?

Қыркүйекте біздің қоғам Өзбекстандағы діни жағдай жайлы ақпаратты көп талқылады. Ақпараттық кеңістік көрші елдегі дәстүрлі емес исламмен күресіп жатыр деген мессенджермен толды. Бетті түмшалауға тыйым салынғаны жайлы ақпарат тарады. Бұдан «ислам дінімен күресіп жатыр ма?» деген сұрақтар да туындады. Қала берді, бізде де мектептегі хиджаб дауы қатар талқыланды. Бұл да отқа май құйғандай болды. Алайда, мәселе бұдан да тереңде. Мұнда исламның саясилануы, діни сенім еркіндігі мен ислам радикализмі ұғымдарының аражігін ажыратып алу қажет.

Заң алдында бәрі бірдей

Мемлекет құрылғаннан бері билік пен дін арасы қарама-қайшы. Мұндай қайшылықтың жарқын мысалы орта ғасырдағы Еуропа. Бұл кезеңді «Қараңғы Еуропа» деп те атайды. Қараңғы деп атаудың да себебі жеткілікті. Себебі, дін, яғни христиан діні қоғамның барлық саласына өктемдік етті. Ғылым мен білім дамыған жоқ. Христиан дінін бүркемелеп католик шіркеуі билік етті. Мемлекеттерде саяси билік рим папасының қолында болды.

Саяси биліктің рим папасына өту процесі бірнеше ғасырға созылды. Оған билік пен дін арасындағы текетірес себепші болған жоқ. Король мен оған қарсы билікке таласушы элита арасындағы бірнеше ғасырға созылған саяси қақтығыс діннің билікке келуіне жол ашты. Бұл билік институттары әлсіреген тұста діннің елдегі ықпалы күшейді дегені.

Орта ғасырда король институты өз билігін нығайту мақсатында католик шіркеуіне арқа сүйеді. Себебі, сол кездегі қоғамда діни сенімнің рөлі үлкен болатын. Осылайша халықтың көзінде легитимді билікке қол жеткізуді көздеген. Алайда, ғасырлар өте келе католик шіркеуінің билігі нығайды. Король тек қуыршақ басшыға айналды. Оның кім болатынын рим папасы шешкен.

Биліктің өз ықпалын қоғамдық институттар арқылы кү-

шейту әрекеттері біздің тарихта да кездеседі. Мысалы, Қазақ хандығы тұсында сұлтандар мен билер институты алма-кезек беделді болған. Тәуке хан тұсында билердің ықпалы күшейіп, сұлтандар билігі азайды. Ал Абылай хан билік еткен тұста керісінше билер институтын әлсіретті.

Мемлекеттің әлсіреуінен радикалды діни топтардың күшею үрдісі кеңес үкіметі ыдыраған тұста да байқалды. Мұндай жағдай әсіресе Орталық Азия елдерінде белең алды. Өзбекстан да бұл үрдістен қалыс қалған жоқ. Орталық Азия елдерінде халықтың басым көпшілігі ислам дінін ұстанады. Бұл дін христиан дініне қарағанда жас болғандықтан, әрі ұзақ уақыт кеңес үкіметінде шектенгендіктен орта ғасырдағы Еуропада өткен діннің саясилану үрдісінің кейбір элементтерін басынан өткеруде. Әрине, екі үрдісті салыстыруға келмес. Себебі, Орталық Азияда дін сияқты қоғамдық институт билікке ықпалды болмаған. Дін қоғамдық қарым-қатынасты реттеу қызметін атқарып келген. Өзбекстанда да жағдай осындай.

Билік зайырлылықты қолдайды

Зайырлылықты қарастырған кезде ислам радикализмі мен діни, оның ішінде ислам дінін ұстану еркіндігі арасын ажыратып алған жөн. Заң да мұны талап етеді. Егер елдің конституциясын сараптайтын болсақ, онда жалпы еркіндік пен қауіпсіздік ұғымдарының аражігін ажыратуға деген талпыныс бар екеніне көзіміз жетеді. Діни еркіндік болғанымен қоғамдық қауіпсіздікке жол берілмейді.

Конституцияның 1-бабында Өзбекстан өзін зайырлы мемлекет ретінде мойындайтыны жайлы жазылған. Яғни елдегі қоғамдық-саяси қатынастар діни нормалармен емес, азаматтық нормалармен реттеледі. Діни сенім еркіндігі де заңмен бекітілген. 19-бапта дініне байланысты ешкімді алалауға болмайтыны жазылған. Яғни заң алдында бәрі бірдей.

Діннің саясиалануы жайлы да конституцияда бекітілген. Саяси құқықтар қарастырылған VIII бөлімнің 39-бабында елдің азаматтары кәсіби одақтар, саяси партиялар мен өзге қоғамдық бірлестіктерге бірігуге құқылы делінген. Бірақ бұл этникалық және діни мақсаттағы саяси партияларға қатысты емес. Конституцияның 71-бабында этникалық және діни мақсаттағы саяси партиялардың құрылуына тыйым салынған.

Осылайша діннің саясиалануына заңмен шектеу қойылған. Бұл тек ислам дініне ғана емес барлық дінге қатысты норма.

Әндіжан елесі

«Жаңа Өзбекстанда» жаңа конституция. Қазақстандағы 2022 жылғы өткен саяси реформаларды көршіміз үлгі ретінде алған. Бүкілхалықтық референдум бізде 2022 жылдың 5 маусымында болған, ал онда биыл 30 сәуірде өтті. Саяси науқан елге жаңа Конституцияны әкелді. Сонау 1992 жылы қабылданған елдің негізгі заңының жаңа редакциясы қабылданды.

Осылайша «Ескі Өзбекстанмен» көршілер қоштасты. Алайда, ол тек қағаз жүзінде болды. Ескінің сарқыншағы, саяси қорқыныш пен үрей әлі сейілген жоқ. Сондай мәселенің бірі – діни радикализм мен экстремизм. Діни болғанда да ислам радикализмі. Өзбекстанда ислам радикализмінің қоғамға қауіп тудыру фактілері болған. Оған 2005 жылғы Әндіжан оқиғаларын мысал ретінде келтірсек болады. Әндіжан қаласында 12–14 мамырда бір топ кәсіпкерлерді түрмеден босатуды талап еткен наразылық өтті. Наразылықтардың артында «Акрамия» исламдық секта өкілдері мен оның негізін қалаушы, әрі идеолог Акрам Юлдашев тұрған.

Акрам Юлдашев 1992 жылы көптеген елде террористік деп есептелетін «Хизбут-Тахрир» діни ұйымынан шыққан. Өзінің «Иманға жол» атты діни еңбегін жазды. Кейін ол еңбегіне заңмен шектеу қойылды. 2005 жылдың 11 ақпанында оның идеясын қолдайтын 23 кәсіпкерге қарсы сот ісі басталды. Соттың болуы да бекер емес. «Акрамия» сектасында кәсіпкерлер көп шоғырланған. Олар әлеуметтік теңдік идеясын ұсынып, өздерінің кәсіпорындарында жұмыскерлеріне жайлы жұмыс пен жалақы берген. Қайырымдылықпен айналысып, халық алдында бедел жинай бастаған. Осылайша исламның саясиалану үрдісіне мықты тұғыр жасай бастаған.

Мұндай қоғамға қауіпті оқиға қазіргі билікті те алаңдатары сөзсіз. Сондықтан діни киімдерге қатысты шектеу қойылуда.

Пердехан ШӘМШИЕВ,
сарапшы.





ЕКІЖАҚТЫ ҰНТЫМАҚТАСТЫҚ

Алматы қаласының әкімі мен Сеул мэрі цифрландыру және көлік инфрақұрылымын дамыту мәселелерін талқылады



Гүлжанат
СЕМБАЕВА

(Басы 1-бетте)

Өз кезегінде Сеул мэрі О Се Хун Сеул тәжірибесі және қоғамдық көлік жүйесін жаңғырту мәселелерінде ірі технологиялық компаниялармен ынтымақтастық жобалары туралы айтты. Мэрдін ұсыныстарының бірі Сеулдің Алматымен екіжақты қарым-қатынасты нығайтуына

және өзара ортақ бастамаларды қолдауға дайын екеніне қатысты болды.

Ерболат Досаев қазіргі уақытта Алматыда көлік құрылымының шеберлік-жоспары әзірленіп жатқанын айтты, ал бұл жолаушыларды тасымалдау сапасы мен қозғалыс жылдамдығын үштен бірге арттыруға мүмкіндік береді. Оның негізі халықтың 75%-ы үшін жаяу жүргіншілерге арналған жылдам қоғамдық көлік – метро, LRT және BRT болады.

Жұмыс сапары аясында делегация Сеул қаласын басқарудың көліктік ақпараттық сервисінің TOPIS (Seoul Transport



operation & Information Service) data-хабына барды, ол мегаполистің көлік жүйесін, Сеулдегі табиғи апатпен байланысты көрсеткіштерді тәулік бойы қадағалайды, соның нәтижесінде қалалық қызметтерге жедел ден қоюға мүмкіндік береді.

Кездесу барысында екіжақты сауда-экономикалық әріптестікті арттыру перспективалары талқыланды. 2023 жылдың басынан бері Алматы мен Корея Республикасы арасындағы тауар айналымы

23,6%-ға ұлғайып, 720 млн долларға жетті.

Алматы делегациясының сапары аясында қала әкімі Ерболат Досаевтың төрағалығымен Сеул қаласында цифрландыру, медицина және фармацевтика, машина жасау, сондай-ақ экология және экологиялық көлік мәселелері бойынша Samsung Medison, Samsung C&T, Hyundai Rotem, GL Rapha, SK Ecoplant Co және т.б. компанияларының басшыларымен кездесулер өтті.

ИННОВАЦИЯЛЫҚ ЖОБА

АЛМАТЫ ҚАЛАЛЫҚ ДЕРЕКТЕР ГЕОАНАЛИТИКАСЫ

Оңтүстік Кореяда қола жүлде алды

«Ақылды қала» сыйлығы – биыл бірінші рет өткен жаңа халықаралық байқау. Мұны Сеул Үкіметі (Seoul Metropolitan Government) мен Дүниежүзілік ақылды тұрақты қалалар ұйымы (WeGO) жаңа технологияны енгізуде мегаполистерді ынталандыру мақсатында бекіткен болатын.



Айнабай
МӘДИ

Биыл Алматы «GEO-ANALYTICS.KZ» инновациялық жобасы үшін Tech-InnovaCity номинациясында сыйлықтың қола жүлдегері атанды. Веллингтон (Жаңа Зеландия) алтын, Мадрид (Испания) пен Лос-Анджелес (АҚШ) осы аталымда күміс жүлдені иеленді. Байқауға 240 өтінім келіп түсті: инновациялық шешімді ұсынған қалалар ғана емес, сонымен қатар бірегей технологиялық өнім әзірлеген жеке компаниялар да қатысты. Қазылар алқасы жобаларды үш номинациямен бағалады. Бұлар: Tech-Innovacy, Human-CentriCity және LLeadership.

«Ақылды қала» сыйлығы Сеул басқаратын WeGO халықаралық қауымдастығының қолдауымен өтеді. WeGO 160 қаланы, 37-ден астам жоғары технологиялық компания мен қалалық процесті автоматтандыру үшін инновацияларды дамытуға, жасанды интеллектті енгізуге бағытталған 18 халықаралық зерттеу ұйымын біріктіреді. Ұйымға Қазақстан атынан Алматы мен Астана қатысады. WeGO-мен ынтымақтастық «ақылды қалалар» саласындағы үздік тәжірибе мен стандартпен өзара алмасу үшін халықаралық платформаға қосылуға мүмкіндік береді. Ұйымның Алматыда неғұрлым тиімді өзара іс-қимыл жасау жөніндегі өңірлік кеңсесін ашу мүмкіндігі қарастырылуда.



КЕРЕК ДЕРЕК

• Алматының «GEO-ANALYTICS.KZ» платформасы өзгерістер тарихын сақтай отырып, нақты уақыт режимінде түрлі деректерді біріктіруге қабілетті. Оның 2020 жылы құрылуы COVID-19 пандемиясының қиындықтарына жауап болды.

• Платформа қалалық қызметтердің тиімділігін арттыруға ықпал етті әрі ең осал аймақтарды қадағалады және вирустың ықтимал таралу бағыттарын болжады.

• Қазір «GEO-ANALYTICS.KZ» қалалық деректерді талдаудың әмбебап құралына айналды. Барлық келіп түскен ақпаратты өңдей отырып, жүйе мектептердің, ХҚКО-лардың, балабақшалардың нақты қай жерде жетіспейтінін көрсете алады, жол инфрақұрылымы жүктемесіне баға береді, атаулы көмек көрсету үшін шағын және орта бизнестің белсенділігін бақылайды.

КЕЗДЕСУ

Сеулге жұмыс сапары аясында қала әкімі Ерболат Досаев Seegene медициналық қорының (SMF) және Open Healthcare Inc компаниясының төрағасы Чхон ЧонГимен кездесу өткізді. SMF – Оңтүстік Кореяның медициналық диагностика және зертханалық зерттеулер саласындағы көшбасшы қор.

БӘСЕКЕЛЕСТІККЕ ЖОЛ АШАДЫ

Талқылаудың маңызды қорытындысы Алматының Орталық Азиядағы SMF өңірлік хабы болып белгіленуі туралы ұсыныс болды. Оңтүстік Корея компаниясы Алматының медицина саласына шамамен \$30 млн инвестиция салуға ниетті. Атап айтқанда, жаңа клиника салу, клиникалық зертханаларды жаңғырту, алғашқы медициналық-санитарлық көмек деңгейінде емхана мен медициналық зерттеу орталығын басқару әдістемесіне денсаулық сақтаудың корей моделін зерделеу және енгізу, сондай-ақ тіркеу деректерін өңдеу рәсімін оңтайландыру, өзін-өзі диагностикалау құрылғылары мен телемедицинаны дамыту бойынша бірлескен жобаларды іске асыру перспективалары қаралды.

«Бүгінде бүкіл әлемде денсаулық сақтау біртіндеп емдеу үлгісінен диагностикаға көшуде. Бұл – аурумен күресте, азаматтардың денсаулығын қорғауда ең тиімді жол. Пандемия көрсеткендей, әлем жаңа сын – тегеуріндердің алдында тұр: медициналық орталықтарды заманауи зертханалармен жабдықтауға және зерттеулер жүргізуге назар аударатын елдер ғана бәсекеге қабілетті болады», – деді Ерболат Досаев.

Алматы қаласының әкімі Чхон ЧонГи мен оның әріптестеріне пандемия кезінде Алматы тұрғындарына көрсеткен көмегі және COVID-19 жасаған диагностикасы үшін алғысын білдірді.

SMF төрағасы Чхон ЧанГи өз кезегінде Seegene диагностикалық тестілеуі пандемия кезінде оң нәтиже бергенін атап өтті. Медициналық концерннің жоғары тиімді технологиясы сапалы әрі жаппай талдау жүргізуге мүмкіндік берді: Оңтүстік Кореядағы коронавирустық сынақтардың 50%-ын және Сеулдегі сынақтардың 60%-дан астамын бір мекеме – Seegene медициналық қоры өңдеді. SMF жұмысының арқасында Оңтүстік Кореядағы дүниежүзілік пандемия кезіндегі өлім деңгейі басқа елдермен салыстырғанда ең төмен деңгейде.



● ПРЕЗИДЕНТ ТАПСЫРМАСЫ

ӘЛЕУМЕТПЕН БІРГЕМІЗ!

Алматыда «Қазақстан халқына» қоры 11,9 млрд теңге көлеміндегі қайырымдылық жобаны жүзеге асыруда

Кеше Алматыда қала әкімінің орынбасары Әсем Нүсіпованың, «Қазақстан халқына» қорының басқарма төрағасы Болат Жәмішевтің, қор төрағасының орынбасары Ләззат Шыңғысбаеваның және қоғамдық ұйымдар мен жергілікті атқарушы органдар өкілдерінің қатысуымен «Қазақстан халқына» қорының қызметі өңірлер үшін» атты «дөңгелек үстел» өтті.



Нұржамал
ӘЛІШЕВА

Қор төрағасының айтуынша, бұл басқосу Ұлттық қайырымдылық бойынша II конференцияның аясында өңірдің қайырымдылық бағдарламалары мен жобаларын іске асыру жөніндегі бастамаларды талқылау мен айқын-дау мақсатында ұйымдастырылған. Болат Жәмішев жиында «Қазақстан халқына» қорының жүзеге асырған қайырымдылық бастамаларына кеңірек тоқталып, Алматыда іске асқан және жоспарланған жобаларды таныстырды.

«Қор қазақстандықтардың денсаулық сақтау, білім беру, әлеуметтік қолдау, мәдениет және спорт салаларындағы негізгі мәселелерін шешуге бағытталған жалпы сомасы 146,5 млрд теңге болатын 40-тан астам қайырымдылық бағдарлама мен жобаны қаржыландырады. Сондай-ақ, төтенше жағдайлар кезінде зардап шеккен



азаматтарға көмек көрсетеміз. Алматы қаласында жалпы сомасы 11 млрд 944 млн теңгеге 12 қайырымдылық жоба мен бағдарлама іске асырылуда. Бүгінгі таңда оның ішінде 4 млрд 26 млн теңгеден астам сомаға көмек көрсетілді, құны 7 млрд 918 млн теңге болатын жобаларды жүзеге асыру жоспарланған», – деп атап өтті Болат Жәмішев.

Денсаулық сақтау саласында Алматы қаласында жалпы сомасы 4,2 млрд теңгеге дәрі-дәрмек сатып алу жоспарланған, оның ішінде өмірге қауіп төндіретін және орфандық аурулары бар 33 пациент үшін жалпы сомасы 3,7 млрд теңгеге дәрі-дәрмек сатып алынды. Қосымша 489,3 млн теңге сомаға препарат сатып алу жоспарланған. Бір науқас РФ емдеуге жіберілді. Тамырлы патологиясы бар 4 балаға тегін медициналық көмек көрсетілді. Ал шұғыл түрде қасаң қабықты трансплантациялауға мұқтаж алматылық

15 пациентке көздің қасаң қабығы ауыстырылды.

Сондай-ақ, биыл қалада Ерте араласу орталығын ашу жоспарлануда. Орталықта нейро-ортопедиялық бұзылысы бар және 3 айдан 3 жасқа дейінгі балалар кешенді оңалту көмегін алатын болады.

Онкологиялық қызметті дамыту шеңберінде «Қазақ онкология және радиология ғылыми-зерттеу институты» АҚ-ны жалпы сомасы 6,9 млрд теңгеге жабдыктармен жарактандыру жоспарлануда. Балалар нейро-хирургиялық қызметін дамыту мақсатында «Балалар шұғыл медициналық көмек орталығы», №2 Балалар қалалық клиникалық ауруханасы, Педиатрия және балалар хирургиясы ғылыми орталығына жалпы көлемі 222,2 млн теңгеге жабдыктар жеткізу жоспарлануда.

Әлеуметтік қолдау саласында Қор Алматының 15 тұрғынына жалпы сомасы

133,2 млн теңгеге инновациялық протездер, ал тірек-қимыл аппараты бұзылған бір балаға құны 9 млн теңгеге экзоскелет сатып алды.

Ерекше білім беру қажеттіліктері бар балаларға арналған арнайы мектептерді жарактандыру шеңберінде Алматыда орналасқан еліміздің барлық арнайы мектептерінің жұмысын үйлестіретін «Арнайы және инклюзивті білім беруді дамытудың Ұлттық ғылыми-практикалық орталығы» жарактандырылды. Жалпы сомасы 210,2 млн теңгеге 7 қалалық арнайы мектепті жабдықтау жоспарланған.

Алматы қаласы бойынша Қордың білім беру гранттары бағдарламасы бойынша 35 ЖОО-да халықтың әлеуметтік осал топтарынан шыққан 860 студент оқиды.

Сондай-ақ, Қор қайғылы қаңтар оқиғасы барысында зардап шеккен 684 адамға жалпы сомасы 2,5 млрд теңгеге қайырымдылық көмек көрсетті. Оның ішінде Алматы қаласы бойынша 247 зардап шеккен азаматқа қолдау көрсетілді.

Алматыда Қордың қолдауымен ерекше қажеттіліктері бар балаларға арналған «Жас жауынгер» бейімдеу спортының дене шынықтыру-сауықтыру клубы жұмыс істейді. 10 парапортсмен үшін спорттық-жүгіру протездері дайындалды, сондай-ақ мамыр айында қалада параатлеттерге арналған ҚР-дағы алғашқы жүгіру мектебі іске қосылды.

Кездесу қорытындысында Алматы қаласы әкімінің орынбасары Әсем Нүсіпова басты міндет қала тұрғындарының сапалы және қолжетімді қызметтерді алуда жаңа мүмкіндіктерге ие болуы үшін барлық жағдай жасау екенін атап өтті. Осыған байланысты қала әкімдігі денсаулық сақтау, білім беру және әлеуметтік қолдау саласындағы жаңа қайырымдылық жобаларды іске асыру үшін Қормен тығыз жұмыс істеуге әрқаздайын.

● ҮЙІРМЕ

Спорт секцияларына қабылданады

Алматы қаласының әкімі Е.Досаевтың 1/182 қаулысымен спорт пен шығармашылық тапсырыстарды жан басына шаққандағы қаржыландыру бағдарламасының функциясы аудан әкімдіктеріне берілді.



Құрметті Түрксіб ауданының тұрғындары!

2023 жылғы 29 қыркүйекте, сағат 18.00-де мемлекеттік спорт тапсырысын жан басына шаққандағы қаржыландыру бағдарламасы бойынша спорт секцияларына қосымша өтінімдер қабылдау ашылады.

Әлеуетті жеткізушілердің өтінімдері <https://damubala.kz> сайтында қабылданады. Қазіргі таңда Түрксіб ауданында 4100 баланы спортпен және шығармашылықпен айналысатын 37 жеткізуші жұмыс істейді.

«АҚШАМ-АҚПАРАТ».

● ТАЗАЛЫҚ

АЛТЫ ҚОҚЫС ОРНЫ ЖОЙЫЛДЫ

Алматыда қалдықтарды көмуге арналған бірде-бір полигон жоғын қалалық әкімдік өкілдері Қазақстан Республикасы Үкіметінің отырысында хабарлады.



Гүлжанат
СЕМБАЕВА

Барлық қоқыс қалалық сұрыптау кешеніне, сонымен қатар, Алматы агломерациясының аумағында орналасқан полигондарға шығарылады. Мәселе жыл сайынғы 440 мың тонна қатты тұрмыстық және шамамен 130 мың тонна құрылыс қалдығы туралы болып отыр. Қала тазалығына коммуналдық қызметтер мен тұрғындар да ынталы. Биыл қаңтар айынан бастап Алматыда 235 коммуналдық сенбілік өткізіліп, 2653 тонна қалдық шығарылды.



Алматы әкімдігі басқармаларының мәліметінше, жыл басынан бері қалада Қазақстан Ғарыш Сапары мониторингі анықтаған 6 стихиялық қоқыс орны

жойылды. Ескеретін жәйт, рұқсат етілмеген полигондар үшін әкімшілік жауапкершілік қарастырылған.

● ҚАЛАЛЫҚТАР ҚАПЕРІНЕ!

ЖОЛ УАҚЫТША ЖАБЫЛАДЫ

29 қыркүйек, сағат 21.00-ге дейін Алматы қаласының Медеу ауданында Панфилов көшесінен Назарбаев даңғылына дейін шығыс бағытта Мәметова көшесінде жол жабылады.



Шектеу кезеңінде екі бағытта да көлік қозғалысына көшенің солтүстік жағынан рұқсат етіледі. Аталған көше сегментінің жүріс бөлігінің астынан өтетін магистральдық құбыр учаскесінде жұмыстарды жүргізу кезіндегі қауіпсіздік үшін уақытша шектеулер енгізіледі.

Г.МАРАТҚЫЗЫ.



ЖОЛДАУ – 2023



Дамыған елдерге назар аударсақ, бәрі экономикалық өзгерістерге көп көңіл бөлген. Өзі адам баласына үш нәрсе ғана қажет көрінеді. Олар: азық-түлік, киім-кешек, баспана. Осы тақырыптар төңірегінде белгілі экономист, экономика ғылымының кандидаты Үлес МАДИЯРҰЛЫМЕН тілдестік.



ХАЛЫҚ ЕСЕБІНЕН ТҮСЕТІН БЮДЖЕТТІК ТҮСІМ

елдің әлеуметтік ахуалын реттеуге бағытталуы тиіс

Дамыған елдерден үйренейік

– Әділ қоғам дегеніміз не?

– Бұл философиялық һәм жалпы сұрақ. Әлбетте, мағыналы сөз. Біздіңше, әділ қоғам – елдің барлық салада өркендеп өсіп, қанат жаюы.

Мемлекет басшысы Қазақстан халқына арнаған кезекті Жолдауында бірқатар өзекті мәселелерді қаузап өтті. Нақты тапсырмалар берді. Өңдеуші өнеркәсіпті қолға алу туралы жақсы бастамалар көтерді. Шынында, пайдалы қазбалар мәңгі бола бермейді. 30–40 жыл бола ма, түбі сарқылады. Бұл дүниеде мәңгі баки ештеңе жоқ. Жерасты байлықтары сарқылады екен деп, қарап отыра беруге болмайды. Барынша шағын және орта бизнесті қолдай берейік. Біреу жіп иіріп, киім тіксе, ендігісі төрт түлікті түлетіп ет, сүт өнімдерін шығарса, келесі сапалы үйлер салса, одан артық не керек?! Міне, бұл әрбір жанға ең қажет нәрселер.

Біз үнемі мысалға айтатын Жапонияда табиғи ресурстар некен-саяқ. Мүлдем жоқ десек те, артық айтпағандық болар. Ең басты төрт аралдан құралған, жан-жағы мұхитпен шектелген. Соған қарамастан, мықты адамдардың керемет идеяларын пайдалана білді. Импортты азайтты, экспортты көбейтті. Ғылыми технологиялық прогресті нықтап қолға алды. Әлемдегі автомобиль өндірісі, смарт техника, электроника – бәрі-бәрінің авторы жапондықтар. Сонымен қатар, ұлттық менталитетін сақтап, бала балигат жасына жеткенше өз ділін, тілін бойына сіңіріп отыр. Күншығыс еліне таңданбасқа шара жоқ.

Араб елдерін жиі айтамыз, қызығамыз. Қызықпауға қоймайды ғой. Араб топырағында өткен 1950 жылдары мұнай табылды. 1980 жылдары мұнайды өндіре бастады. Оған дейін халқының жағдайы мүшкіл-тұғын. Ішкерге асы, киерге киімі болмағандар қатары жетерлік еді. Алайда, сол елдің басшылары өте ақылмен іс бастады. Осы күні ұдайы айтылатын «мұнайды Жаратқанның бергені» деп санады. Осы сөздің құдіретін алға тартты. Тек халыққа пайдасы тиетін іспен шұғылданды. Біріккен Араб Әмірліктері, Сауд Арабиясында Дубай, Абу-Даби, Эр-Рияд сияқты ғажайып шаһарлар дүниеге келді.

Бұл мегаполистер Шығыс Азияның қаржы-инвестициялық орталықтарына айналды. Туризм тез қарқын алды. Алтын барланды, бидай өсіру технологиясы игерілді. Былайша айтқанда, қу даланы жайнатып, көркейтті. Өз басым Дубайда болдым. Көп дүниесіне тамсанып қайттым. Өзінің жергілікті тұрғындары өте аukatты тұрады екен. Арабтар басшылық, менеджерлік қызметтерде істейді. Олар элиталы үйлерде жасайды. Қымбат көліктер тізгіндеді. Айлық-табыстары жоғары. Арабтың дәрежесі бірінші кезекте ескеріледі әрі деңгейі жоғары саналады. Үйлердің өзі рет-ретімен, заманауи форматта сапалы салынған.

Тіпті, шеткері аудандарындағы шетелдіктердің баспанасы ешкімнен кем емес. Адал кәсіппен шұғылданып, өмір сүруге мүмкіндік мол. Бірақ Пәкістан, Үндістан сияқты, т.б. айналасындағы елдерден келіп мигрант болып істейтіндер де баршылық. Бір сөзбен айтқанда, жердің жұмағы дерсіз. Осыншама жетістікке 40

Инфляцияны тежеу үшін өндіріс орындарын ашу қажет. Қазақта «Еңбек етсең – емерсің» деген мәтел бар. Дәл бүгінгі заманға қарата айтылғандай.

жылда жетті. Бізге үйренер жақсы тұстары жетерлік.

Қытай Халық Республикасының тасы өрге домалап тұр. 1,5 миллиардқа жуықтаған қытайлықтардың шығармайтын өнімі, жасаймын бұйымы жоқ шығар. Сауда-саттыққа өте бейім. Халқы еңбекқор. Баяғыда айтатын, олар дүние жүзінің 8-ші экономикасы болып қосылуды діттейді деп. Бәлкім, осындай қарқынмен жылжи берсе, одан да жоғарылап кетер. Қытайлар өнімді сапалы, орта, сапасы төмен қылып жасайтын көрінеді. Әрине, бәсекелестік нарық болған соң, әркім өзінің шама-шарқына қарай саудаласады. Қытайда экономикаға қатты күш салады. Капитализмнің барлық қыр-сырын меңгеріп алды. Өзінің сан мыңдаған жылдан бергі Конфуций, Лао Цзы сияқты ғұламалары салған жолдан таймады. Парақорлар ату жазасына дейін кесіледі. Әдет-ғұрпын сақтады. Жаһандану үрдісіне жұтылмай келеді. Бағамдай келсек, аспанасты елінің қажетті жақтары көзге ұрып, менмұңдалап тұр.

Осы салыстыруларды текке айтпадық. Әрбір дамыған держава экономикалық тәуекелдерге барған. Үлкен ауқымды реформалар жасай білген. Мейлінше дефолтқа ұшырамай, пайдаға кенелудің жолдарын қарастырып отырған. Бизнестің өркендеуіне жол ашқан. Әрбір кәсіпорынның жандануына атсалысқан. Іс бастаған адамның кәсібін тартып алмаған. Осындай жақсы істер небәрі 30–40 жылда алға шығып кетуге септескен. Қазақ елі жоғарыда айтылған ой-пікірлер мен ұсыныстарды мықтап қолға алып, әр қазақ бірін-бірі қолдап, істі өніктірісе, сөзсіз өркендейміз. Бұған бас қатыратын математикалық есеп-қисап керек емес. Бұны жұртқа түсінікті арифметикалық даму прогресі десек, тура болар. Біз армандаған Әділетті Қазақстан – осы, осындай қарапайым этаптардан өте білсе, іс жүзінде әділ қоғам орнайды.

– Инфляцияны қалай тежейміз?

– Бұл ең бірінші мемлекеттік мәселе. Мұны шешудің жолдары бар. Ол туралы әлгінде салыстырмалы түрде айтып өттік. Енді соның түйінін тарқатып айталық. Инфляция – өңдеуші өнеркәсіпті қолға алғанда төмендейді. Бұл қаржыгерлердің үнемі айтатын дәйектері.

Қазір Қазақстанға сүт, қаймақ, май өнімдері Қырғыз, Беларусьтен тасымалданады. Жанар-жағармайдың біраз бөлігі Ресейден әкелінеді. Барша пластикалық заттар Қытайдан келеді. Дәрі-дәрмекке дейін сырттан тасимыз. Бұл айтылғандар импорттың бір парасы ғана. Егер өз ас-ауқатымыз өзімізде өндірілсе, бидайды тонналап сатқанша, нан өнімдерін шығарсақ, айран, құрт – баршасын өзімізге қолжетімді етсек, болады ғой. Қазақ брендімен еліміздің ішкі нарығына темір тұлпарды көптеп шығарсақ екен. Ең бастысы, көпқабатты үйлердің сапасына баса назар аударайық. Халықтан түсетін талап-тілектерді дұрыстап қарайық.

Бізге байлар байып, кедейлер кедейшілік шегінен шыға алмай жатыр. Ел-жұртты ипотека, кредит қысып барады. Пайыздары тым көп. Қарызды өтейін деп азаматтар ден-саулықтан айырылып жатыр. Халыққа жәрдем беру керек. Өйткені, халықтың есебінен түсетін бюджеттік түсімдер елдің әлеуметтік ахуалын реттеуге бағытталуы тиіс. Теңгенің құны артып десек, зауыт, фабрика, цехтар ашу қажет. Мүмкіндігінше заманауи технологияларды пайдаланайық. Қазақстанда әртүрлі бұйым шығарылса, Ресей мен Қытайдың нарығына өткізе аламыз. Орталық Азияда алыс-берісті арттырып, қаржылық әлеуетімізді реттей берген дұрыс. Сонда инфляция деңгейі 1,5–2 есеге дейін азаяды.

«Ғалымның хаты, жақсының аты өлмейді»

– Бай дегеніміз кім?

– Ол қоғамға шарапатты адам. Әуелі өзінің жақындарының жағдайын жасаса, содан кейін өзгелерге де қолұшын бере алады. Ешкімге ештеңе бермейтін, шық бермес Шығайбай болса, ондай дүниеқоңыз кімге керек?!

Дүние жиған бір бөлек. Соны ұқсата білген – нағыз қазақи адам. Байлықты ешкім басқа ғаламшардан көтеріп әкелмеді. Оны халықтың арасынан жинады. Белгілі бір мөлшерден асып-тасығаннан кейін елмен бөліскен абзалырақ. Негізі, меценат жандар бар. Олардың саны артуы керек. Кейде ойлаймын, неге жақсылық жасаудан жарыспасқа?! Бәрібір, жиған-терген бұл дүниеде қалады. Ешкім о дүниеге байлығын арқаалап өте алмайды. Мүмкіндігінше халыққа жәрдемдескен жөн. Себебі, «Ғалымның хаты, жақсының аты өлмейді».

Елде орта тап қалыптасса, жақсы болар еді. Несиесіз үй, кредитсіз көлік, орта кәсіптен нәсіп тауып отырса, қандай керемет. Сол күнге жету үшін ілтипатты істерді, әлеуетті адамдардың еңбек-күшін, ой-қабілетін пайдаланайық. Кезінде қазақтың байлары бір-бір ауылды ұстап, сол елдің мұң-мұқтажын елеп-ескеріп отырды. Бұндай игі іс тарихымызда сайрап жатыр.

Мәдениетті қалыптастыру керек

– Қоғамның әлеуметтік даму бағыты қалай?

– Біз күнде жұмысқа келеміз. Көбіне көлігімізді Момышұлы бекетіне қалдырамын. Метромен «Абай» стансасына дейін келемін. Сонда адамдарға қайран қаламын. Жастар жағы үлкендерге орын бере қоймайды. Жап-жас болып құлағына құлаққап іліп, естімеген, көрмегендей кейіп танытады. Егде кісілер де өзіне орын бергенге рахмет айтпай, құлды бір міндет сияқты қарайды. Сосын татуаж жасап, ұлдар құлағына сырға тағып, қыздар әуретті мүшесін ашып жүрмесе екен. Бұны айтпайын

десең, болмай бара жатыр. Ұрпақ тәрбиесімен бүгін айналыспасақ, ертең кеш болады-ау!

Балаларымызды балабақша, мектепке апарамыз. Сонда жас ата-аналар баласын сонша өбектейді. Есіктің алдына дейін көлігімен жеткізуге тырысады. Сосын кептеліс басталады. Сөйтіп, жұмысқа баратын уақытты өзіміз жоғалтамыз. Жолда жаға жырттыспайық. Асығып-аптығып бір бөлеге душар болса, ешкімнің ештеңесі кетпейді. Ұрыс-керіс, айғай-шу бізге жат қылық. Осындайдың баршасы тұрмыстың тауқыметінен шығады. Мәдениетті адам кез келген қиыншылықты еңсереді.

Бір жолы іссапармен Түркияның Анкара астанасында болдық. Анкара Хаджи Байрам Вели университеттің сол кездегі ректоры және елшісімен жолықтық. Президент сарайына да бардық. Түрік бауырлар құшақ жая қарсы алды. Ғылымға аса көңіл бөледі. Бір сөзбен айтқанда, ғалым, ұстаз, дәрігер қадірлі мамандық екен. Біз сол баяғы Scopus проблемасы жайлы сөйлестік, ғылым туралы пікірлер алмастық. Сонда біздің қазақ делегациясын өздерінің мейрамханаларында күтті. Олар қанша қонаққа ыңғайлы жасағанмен, дастарханды қазақтай етіп жайнатуды бізден асыра алмайтынын айтты. Мұндағы ойымыз, бір елдің экономикасы жақсы болса, ендігісінің көңілі дархан болатынын аңғардық.

Қазақи ұрпақ қалыптасса екен

– Еңбек өнімділігін арттырудың жолдары қандай?

– Бұл да тікелей ұрпақ тәрбиесіне тіреледі. Бүгінгі жасөспірімдер әлсіз, алжуаз сияқты. Қалада өскен балаларды уайымдаймыз. Бала сыртқа шығып ойнамайтын болып барады. Қолындағы смартфондардан бас көтермейді. Интернетті бір сәт ажыратсаң, ашуланып, қабағын түйіп шығады. Ертең ол бала 40 жасқа жетіп есейгенде, қоғамға қажетсіз болып қалмаса жарар еді. Осындай буын көп қалыптасса, ештеңеге ебі жоқ, қолынан іс келмейтіндер қаптайды.

Бірде бухгалтеріміз келіп, кеңседегі қазақүй, жайлау, ауылдың тыныс-тіршілігі бейнеленген картинаға көзі түсті. Біраз дүниені есіне алды. Сонда әкесі бала күнінде ауылға жиі ертіп апарып тұрыпты. Соның мәнін енді түсініп жүр екен. Біздің әкей де көзі ашық, көкірегі ояу азамат еді. Таразда аулада орысша ойнап өстік. Бірақ ата-анамыз әрқашан қазақша тілдесетін. Салт-дәстүрді сақтайтын. Кейде орысша сөйлесем, үнсіз жауап бермей қоятын. Ұдайы ауылға барып, ағайындардан қол үзбедік. Әке-шешемізге ауылдан топырақ бұйырыпты. Өмір бақи Алматы, Тараз сынды қалада тұрса да, бізді туған-туыстарға жіберетін. Өз басым әке қадірін 30 жасқа таяғанда түсіне бастадым. Қазір 15 жасқа ұлымды ауылға ертіп, туысқандармен араластырып жүремін. Халқымыздың «Әке көрген оқ жонар, шеше көрген тон пішер» дегені осы шығар. Егер тірлікке епті, саналы ұрпақ тәрбиелесек, еңбек өнімділігі сөзсіз артады. Сондай-ақ, ойлағандарымызды тездетіп іске асыра аламыз.

– Үлкен рахмет!

Өңімелескен
Олжас ЖОЛДЫБАЙ.



АНТИКОР

ЖЕМҚОРДЫ ТҮРМЕ ТҮЗЕЙ МЕ?

Алматының сыбайлас жемқорлық тәуекелі картасына 8 сала кіреді

Жемқорлық бүгінгі күні барлық салада менмұндалап тұр. Әсіресе, құрылыс және тұрғын үй, экология, жер, экономика және қаржы, фискалдық, әлеуметтік, инфрақұрылым және жолда жемқорлық әрекеті үшін жауапқа тартылғандардың саны тым көп.

Гүлжанат
СЕМБАЕВА

ҚР Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігінің ерекше бақылауында бизнес саласы да бар. Агенттік берген мәлімет бойынша, Алматыда 350 мыңға жуық шағын және орта кәсіпкерлік субъектісі тіркелген. Кәсіпкерлерге көмек көрсету мақсатында «Бизнес жол» жобасы аясында екі мыңнан астам кәсіпкерге 65 кездесу өткізіп, мәселелердің жиырма алты кейсі шешілді, алты жүз кәсіпкердің құқығы қорғалды.

Осылайша кәсіпкерлік қызметке араласқаны үшін 3 лауазымды тұлға әкімшілік жауапкершілікке тартылды. 7 факт бойынша

ӘҚБТК-нің 465-бабы бойынша рұқсат беру тәртібі мен мерзімін бұзғаны үшін 4 адам жауапқа тартылды. Бұдан басқа, 9,2 млрд теңге өтеліп, 5,4 млрд теңге бұғатталған.

Алматы қаласы бойынша 100-ден астам азамат сыбайлас жемқорлыққа қарсы қызметке белсенді қатысуға ниет білдірген. Қоғамның санасын өзгертетін жұмыстардың оң нәтижесі барын да атап өту керек. Бұрын халық олардан пара алу фактілері туралы жиі жүгінетін болса, енді мемлекеттік қызметшілердің өздері оларға ұсынылатын сыйақылар туралы белгі береді.

Өткен жылы сыбайлас жемқорлыққа қатысты құқық бұзушылықтар туралы хабарлағаны үшін, 2,6 млн теңге сомасына 13 азаматтың, биыл 520 мың теңге сомасына 3 тұлғаның еңбегі қаржылай бағаланған.



P.S.

«Жемқорды тек түрме түзейді» деген қазіргі ұран, ол – еш ғылыми не тәжірибелік негізі жоқ пафос қана. Ешбір шенеунік, жалпы, кез келген қылмыскер қылмысқа баратын кезде өзін ұсталып қаламын-ау, сотталамын-ау деп ойламайды. Егер ол ұсталып, сотталатынын анық білсе, ондай тірлікке сөзсіз бармаған болар еді. Ал жағдайы жақсы шенеунік, түрмеде де өз «жағдайын» жасай алады. Кім айтты сізге түрмеде жемқорлық жоқ деп?! Есесіне, ол өзінің жылдар бойы арам жолмен жинаған бүкіл дүние-мүлкін сақтап қалады. Ол дүниесінің қызығын түрмеде жатып өзі де, туысының арқасында заңсыз байып алған туысқандары да көре береді. Меніңше, жемқорды түрмемен емес, дүниемен жазаламай нәтиже болмайды. Оның жеке басына емес, туған-туыс, ағайындарының атына тіркеген дүние-мүлкі де тәркіленуге тиіс. Жемқор ұсталып, қылмысы анықталғаннан кейін барлық дүниесінен айыратындай жүйе жасау керек.

ТАҚЫРЫПҚА ОРАЙ

Арман РАХИМОВ,
ҚР Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігінің Алматы қаласы бойынша департаментінің басшысы:

– Өңірлік маңызды мәселелерге терең үңіле келе әр өңірдің ерекшелігін ескере отырып, агенттік облыс пен республикалық маңызы бар қалалар үшін арнайы сыбайлас жемқорлық тәуекелдерінің картасын әзірледі. Картада процестердің ашықтығына, әкімшілік кедергілердің болуына, заңнамаға қатысты шешімін табу мүмкін емес өзекті мәселелердің тізбесі ұсынылған. Оны іске асыруда биыл жемқорлыққа қарсы 8 мониторинг және сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне 3 сыртқы талдау жүргізіліп, оның қорытындысы бойынша 129 ұсыныс енгізілді. 24 тұлға жауапкершілікке тартылды. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимылға бағытталған іс-шаралардан басқа, негізгі назар сыбайлас жемқорлықтың алдын алуға бағытталған. Мәселен, агенттік «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы волонтерлік» жобасын іске қосты. Оның мақсаты – ерікті ретінде сыбайлас жемқорлыққа қарсы қызметке бей-жай қарай алмайтын азаматтарды тарту.

АДАМ ЖӘНЕ ЗАҢ

ЕСІРТКІ
ҚЫЛМЫСЫМЕН
КҮРЕС:
жаңа әдістер мен тәсілдер

Ішкі істер министрлігі интернет кеңістігінде есірткі қылмыстарын анықтаудың тиімділігін арттыру үшін «Kazdream Special Systems» ЖШС қазақстандық компаниясымен заманауи аппараттық-бағдарламалық кешендер мен ілеспе техникалық жабдықтарды сатып алуға шарт жасасты.

Қыркүйек айында техниканы қызметте пайдалану бойынша полицейлер арасында семинар-тренинг өткізілді. Сондай-ақ, әрбір өңірге бір жұмыс станциясы берілді.

ІІМ есірткі қылмысына қарсы іс-қимыл департаменті бастығының орынбасары Асқар Мұхаметқалиевтің айтуынша, аппараттық-бағдарламалық кешендер Нашакорлыққа және есірткі бизнесіне қарсы күрестің 2023–2025 жылдарға арналған кешенді жоспары шеңберінде бөлінген қаржыландыру есебінен сатып алынған.

Бағдарламалық кешендердің қуаты ақпараттың едәуір көлемін өңдеуге және есірткінің заңсыз айналымына қатысы бар адамдар арасындағы тікелей және жасырын байланыстарды анықтауға мүмкіндік береді.

Жыл басынан бері есірткі қылмысына қарсы іс-қимыл бөлімшелерінің қызметкерлері есірткіні жарнамалау фактілері бойынша 51 сотқа дейінгі іс жүргізуді, есірткіні интернет арқылы таратқаны үшін 288 қылмыстық істі тіркеді. Есірткі тарататын 1,5 мың сайт бұғатталды.

OLX.kz хабарландырулар ресурсында есірткіні насихаттайтын 1179 жазба мен психоактивті заттарды тарату бойынша курьерлік жұмыс ұсыныстары анықталды. OLX.kz басшылығымен жасалған келісім негізінде бұл жарнамалар жойылды.

«АҚШАМ-АҚПАРАТ».
(Дереккөз: ortcom.kz).

РЕЙД

ТҮКІРГЕНДЕР ЖАУАПҚА ТАРТЫЛДЫ

Алматылық полицейлер қоғамдық орындарды ластау дерегін анықтау мен оның жолын кесу мақсатында арнайы рейд жүргізді.

Іс-шараның мақсаты – азаматтар қаламыздың эстетикалық келбетіне әсер ететін жалпы қабылданған мінез-құлық нормаларын сақтау. Жақын аралықта қоғамдық орындарды ластаудың 234 дерегі анықталды.

ҚЫЛМЫС

ҚАЛТАҚАҒАРЛАР ҚҰРЫҚТАЛДЫ

Қалалық қоғамдық көліктерден полицияның жедел тобының қызметкерлері төрт қалтақағарды құрықтады.

Олардың ең үлкені – 1965 жылы туған Б., ер адам. Оны қылмыс жасалған соң дереу полиция ұстаған. №126 бағыттағы автобустың міну кезінде жолаушының қалтасынан ұялы телефонын ұрлап кеткен 58 жастағы ер кісі ұсталды.

«Күдікті қамалуға алынды. Қазір оған қатысты Қылмыстық кодекстің 188-бабымен сотқа дейінгі тергеу амалдары жүргізілуде. Оның басқа қылмыскерлермен қатысы бар-жоғы тексерілуде», – деді Алматы қалалық қылмысқа қарсы полиция басқармасының бастығы, полиция полковнигі Қуатбек Науатов.

Қаламыздың Әуезов ауданының полицейлері қалта ұрлығына қатысты тағы үш күдіктіні бір уақытта дерлік ұстады. Олардың бірі – Алматы облысының 1993 жылы туған

азаматы. Н. автобуста жасөспірімнің ұялы телефонын ұрлаған.

«Тағы бір «сипагер» – 30 жастағы А. қоғамдық көлікте басқа біреудің мобильді құрылғысын ұрлап, қашуға әрекеттенген. Үшіншісі – алматылық тұрғын болып шықты. Алайда, олардың жолы кесілді. Осы эпизодпен қылмыстық істер сотқа дейінгі тергеу-тексерудің бірыңғай реестріне тіркелді», – деп мәлімдеді Әуезов аудандық полиция бөлімінің бастығы, полиция полковнигі Ұлан Әбілқайыр.

ҚР Қылмыстық атқарушылық кодексінің 201-бабына сай, тергеу мүддесін көздейтін өзге де мәлімет таратуға жатпайды. Конституциямыздың 77-бабы 3-тармағының 1-тармақшасы мен еліміздің Қылмыстық атқарушылық кодексінің 19-бабының 1-бөлігіне сәйкес, әр адам өзінің қылмыстық құқықбұзушылық жасаудағы кінәсі мойнына қойылып, жазасы заңды күшіне енген сот үкімімен бекітілмейінше, кінәсіз деп танылатыны бар. Осыны ескерсек, бұл жөнінде әзірге дабыра қылар жайымыз жоқ.

Әзірлеген
Айнабай МӘДИ.



ҚАЛА ҚҰНДЫЛЫҚТАРЫ

ЖӘДІГЕРЛЕР «СӨЙЛЕСІН»

Алматының 8 музейінде 60 мыңнан астам құнды экспонат сақталған

Халықаралық туризм күніне орай, Алматы қаласының музейлер бірлестігі қаланың Туризм басқармасымен бірлесе отырып, мегаполистегі музейлерге баспасөз туры өткізді. Мақсат – еліміздегі турагенттіктермен де байланыс орнатып, шаһардың рухани мұраларын дәріптеу, сонымен қатар, өз ішімізде де музейлердің қызметін ілгерілету, имиджін көтеру.

Республикада, оның ішінде Алматыда туризм саласы жыл санап қарқынды дамып келеді. Біздің елді көргісі келетін шетелдіктер саны артуда. Бізге негізінен Ресей, Үндістан, ҚХР, Түркия, Германия, АҚШ азаматтары келеді. Олардың арасында музейлерімізге арнайылап ат басын бұратындар да аз емес.

Нұржамал
ӘЛІШЕВАЫҚЫЛАС МУЗЕЙІНЕ
ДЕГЕН ЫҚЫЛАС
ЖОҒАРЫ

Қазақстанда е-Қонақ туристерді есепке алу жүйесі бойынша биылғы алты ай ішінде 557 мың шетелдік тіркелген. Салыстырмалы түрде алсақ, өткен жылдың осы кезеңінде бізге басқа мемлекеттерден 144 мың турист келген еді.

Туристер арасында ең танымал дестанациялардың бірі – өзіміздің Алматы. Іле Алатауы баурайында орналасқан қала туристерді ғажайып, сұлу табиғатымен, мөлдір тазалығымен, жұмсақ климатымен және тарихи мұрасымен қызықтыратындай. Туристердің Жетісу аймағы мен Алматы туралы тарихи білімнің қайнар көзіне айналған, Алматы қаласы музейлер бірлестігінің құрамына кіретін қалалық 8 музейге деген қызығушылығы да жоғары.

Баспасөз туры Ықылас атындағы халық музыкалық аспаптар музейінен бастадық. Бұл тарихи тереңнен тартқан, 1981 жылы ашылған, Орталық Азиядағы жалғыз музей. Онда қазақ халқының көрнекті мәдениет қайраткерлерінің және әлемдегі 50-ден астам халықтың музыкалық аспаптары қойылған.

2016 жылы ашылған Мультимедиялық дәстүрлі музыка орталығында да аспаптар, оның ішінде домбыралар сақталған. Бұл музейдің ерекшелігі сол, қазіргі заманғы мультимедиялық технологиялар арқылы қазақтың дәстүрлі мәдениетін көрсететін Қазақстандағы жалғыз музей болып саналады.

Алматы музейі де бірегейлігімен ерекше. Ол 2002 жылы құрылған, қола дәуірінен бастап, бүгінгі күнге дейін Алматы қаласының тарихы ұсынылған ірі мәдени орталық.

ТҮЛҒАЛАРДЫҢ
ӨЗІ МЕН ІЗІ

Мегаполисте еліміздің дамуына, көркем әдебиетіне үлес қосқан тарихи тұлғаларға арналған музейлерге деген қызығушылық та жоғары. Мәселен, 2002 жылы құрылған Д.А.Қонаев музейі және араға он жыл салып 2012 жылы ашылған Мемориалдық пәтер-музейі саяси қайраткердің бүкіл жүріп өмір жолынан сыр шертеді.

Ұлы қазақ композиторы Нұрғиса Тілендиевтің мемориалдық музейі өзі отбасымен бірге тұрған, өзінің керемет музыкалық туындыларын жазған пәтерде, 2014 жылы ашылды.

Белгілі жазушылар Сәбит Мұқанов пен Ғабит Мүсіреповтің өздері тұрған пәтерлерін музейлендіру арқылы 1999 жылы С.Мұқанов пен Ғ.Мүсіреповтің Халықаралық музейлер каталогына енген, әдеби-мемориалдық музей кешені құрылды.

Ал ұлт ұстазы Ахмет Байтұрсынұлының музей-үйі 1993 жылы

ұйымдастырылған және XX ғасырдағы ұлы қазақ реформаторының мұрасын зерделеу және дәріптеу орталығына айналған.

Қазақстанның қасиетті орындары картасына енген Райымбек батыр музей-кешені 1981 жылы құрылған. Еліміздің әр түкпірінен тәу етіп келетін қасиетті баба, қазақ халқының батыл қолбасшысының жерленген жері.

МӘДЕНИЕТТІҢ
МӘЙЕГІ

Осы музейлерде жинақталған құнды жәдігерлердің саны 60 мыңнан асып жығылады. Оларға шаң қондырмай, тазалап, ұқыпты ұстап отырған музей қызметкерлерінің еңбегі ерен десек, артық болмас. Мәдениеттің мәйегін қалқып жүрген олардың айлық жалақысы да мардымсыз болған еді. Сондықтан жас мамандардың бұл салада тұрақтауы қиындау. Тек тарихты, мәдениетті, руханиятты риясыз қадірлейтін нағыз мамандар жүр қазір.

Бір қуантарлығы, музей қызметкерлерінің жалақысы биыл 30 пайызға өсті. Біраз жас маман жеңілдетілген пайызбен үй алып, қоныс тойын тойлады. Сондай-ақ, бүгінде музей қызметкерлерінің шетелдерге жиі шығып, әлемдегі көрнекті музейлерде болып, тәжірибеден өтуіне барлық жағдай жасалуда. Ал биыл іргелі музейлер бірлестігі ұжымының Оқтүстік



Кореяның Сеул қаласының тарихи музейінде «Ұлы дала маржаны», ал Түркияның Стамбул қаласында «Дала дауысы» көрмесін абыроймен өткізіп келгенінің өзі үлкен мәртебе.

Алматы қаласы музейлер бірлестігіне қарайтын музейлері жұмыстарын екі, тіпті үш біріктірілген бағыт бойынша қайта құруда, яғни олар бір уақытта ақпараттық, білім беру, ғылыми, мәдени және демалыс орталығына айнала алады. Сондықтан бірқатар музей бүгінгі күні көптеген маманның, атап айтсақ, музей кураторларының, дизайнерлердің, суретшілердің, сәулетшілердің, өнертанушылардың, фотографтардың, тарихшы-ғалымдардың диалог алаңына айналып та үлгерді.



ТАҚЫРЫПҚА ОРАЙ

Ләззат САҒЫНДЫҚОВА,
Алматы қаласы музейлер бірлестігінің директоры:

МУЗЕЙЛЕР ДЕ ЦИФРЛЫҚ ДӘУІРГЕ ЖЕТТІ

Алматыдағы музейлер санын әлі де көбейту мақсатында біршама жұмыстар атқарылуда. «Боралдай сақ қорғандары» археологиялық паркінің негізінде құрылатын Сақ мәдениеті орталығының және Райымбек батыр мемориалдық кешені жанындағы «Қазақ батырлары музейінің» жобалау-сметалық құжаттама жасау жұмыстары аяқталуда. Жаңа музейлердің іске қосылуы біздің бірлестіктің қызмет аясын едәуір кеңейтеді деп отырмыз, яғни жаңа музейлер іші заманауи үлгіде жабдықталып, жарақталып, олардың ішінен қалпына келтіру орталығы, оқушыларға арналған жаңа үйірмелер, тарихқа қызығатындарға арналған клубтар пайда болады.

Қазіргі уақытта музей жәдігерлерін цифрландыру жүйесі жүріп жатыр. Өйткені, цифрлық дәуір музейі – бұл ескерткіштердің шынайы кеңістігі мен экспонаттардың ақпараттық әлеуетін ашуға мүмкіндік беретін жаңа медиа қондырманың синтезі. Жақын арада Алматы музейлерінің цифрландырылған экспозицияларын әлемнің кез келген жерден онлайн «көруге» болады, бүгінде әлемге әйгілі iZi-travel платформасында онлайн-экскурсиялар қолжетімді.



Суреттерді түсірген Қайрат ҚОНЫСБАЕВ.

ҚОНАЕВТЫҢ ҮЙІНДЕ
ҚОНАҚТА

Шыны керек, баспасөз туры барысында Д.А.Қонаев музей-пәтерінде көбірек аялдадық. Себебі, ондағы аура ерекше әсер етті бізге. Музейге емес, бейне Дінмұхамед атамның үйінде жүргендей сезіндік өзімізді.

Мұқан Төлебаев көшесіндегі бұл үй 1969 жылы салынған. Дінмұхамед Қонаев осы үйдің 2-қабатындағы пәтерде 24 жыл тұрған. Төрт бөлмелі пәтердің аумағы 230 шаршы метр, биіктігі 3,20 метр. Музейге келген адамдар бұл үйде әлі де адамдар тұратындай сезімді бастан кешетінін жиі айтатын көрінеді. Шынымен де, музейдегі сағаттар тілі әлі жүріп тұр. Тіпті, жапондық түрлі-түсті телевизор мен асүйдегі

тоназытқыш та әлі жұмыс істеп тұр. Үйдегі есік-терезелер, жиһаздардың бәрі өзімізде жасалған. Дәлірек айтсақ, Алматыдағы «Мерей» фабрикасынан шыққан. 50 жылдан асса да, әлі күнге дейін есіктердің де, жиһаздардың да сыры кетпеген. Дінмұхамед Қонаев пен Зухра Шәріпқызының күршітен жасалған портреті де ерекше шыққан. Оны Қызылорданың күршішілері 200 түрлі сорттан жасап, сыйға берген екен.

– Дінмұхамед Қонаев көзі тірісінде оттық жинаған. Оның ішінде өзі алғаны да, сыйлыққа келгені де бар. Бас-аяғы 400-ге жуық оттық тұр қазір. Оның ішінде Джон Кеннедидің отбасы, Жапонияның сол кездегі премьер-министрі Ясухиро Накасонэ берген, Леонид Брежнев, Саддам Хусейн сыйлаған оттықтар-

ды да көре аласыздар. Оттықтармен бірге көлемі кішкентай ғана, яғни қалтаға сыйып кететін кітаптар да көз тартады. Олардың арасындағы көлемі жағынан ең кішкентайы Сәкен Сейфуллиннің «Сыр сандығы». Оның көлемі бір сантиметр ғана. Қонаев атамның үйдегі уақытының көп бөлігін өзінің кабинетінде өткізген. Мынау тұрған биік-биік кітап сөрелерінде 5 мыңға жуық кітап бар. Үй иесі бұл кітаптың барлығын оқыған. Тіпті кейбірін қайталап оқып шыққан көрінеді. Сонымен қатар, кітап сөрелерінде қайраткердің заңыбы Зухра Шәріпқызы жинаған 29 Құран кітабы бар. Олардың біразы мұсылман елдерінен әкелінген, – дейді Д.А.Қонаев музейінің ғылым бөлімінің жетекшісі Нұрилла Жүсіпбаева.

БРИФИНГ


«АТЫҢ БАРДА – ЖЕР ТАНЫ, ЖЕЛІП ЖҮРІП...»

Туризм – ең алдымен, дүниетану, өркениетке ұмтылу



Айнабай
МӘДИ

Салаға сандық технология енгізіледі



Туристік саланы дамытудың перспективасы жайында Алматы қалалық Кәсіпкерлік палатасы басқарушы директорының салалық даму жөніндегі орынбасары Әлішер Тұрсын Өңірлік коммуникациялар қызметінің брифингінде айтты.

Әлемдік күнтізбеде «Дүниежүзілік туризм күні» деген атаулы дата бар. Ақиқатын айтқанда, жыл сайын аталып өтетін бұл атаулы күн – сәт сайын әлемнің сан тарабындағы миллиондаған адамды біріктіретін мереке. Осының өзінен туризмнің ауқымы кендігін аңғаруға болар.

Шаһарымыздың өңірлік кәсіпкерлік палатасы жанынан жұмыс істейтін Туризм жөніндегі кеңес туризмді дамыту саласындағы түрлі құрылым мен ұйымдардың бірлесіп жұмыс істеуін үйлестіреді. Кеңес құрамы 56 мүшеден, өңірлік туристік индустрияның түгел дерлік сегментінің өкілдерінен құралған. Кеңес жанынан тау-кен туризмін, туристік инфрақұрылымды дамыту, кадрлар даярлау, халықаралық ынтымақтастық, т.б. мәселелерді қамтитын 12 жұмыс тобы құрылды.

«Жұмыс топтары қызметінің әрбір бағыты бойынша нақты ұсыныстар жасалды, бұл өңірдің туризмін дамытудың бірыңғай стратегиясын құруға мүмкіндік берді. Үш өңірдің мемлекеттік органдарымен тығыз байланыс орна-тылды, мұның өзі үйлестірілген жұмыс пен туындайтын мәселелерді жедел шешуге ықпал етті. Туристік нысандарға жұмыс сапарларының арқасында инфрақұрылымның ағымдағы жай-күйінің объективті көрінісі алынды, бұл даму жоспары мен басымдықтарын түзетуге мүмкіндік берді», – деп мәлімдеді брифингте Алматы қалалық Кәсіпкерлік палатасы басқарушы директорының салалық даму жөніндегі орынбасары Ә.Тұрсын.

Спикер атап өткендей, жүргізіліп жатқан жұмыстың арқасында өңірдің туризмін дамытудың бірыңғай стратегиясын жасауға мүмкіндік туды. Мемлекеттік органдармен бірлесіп, туындайтын мәселелерді жедел шешу жолында үйлестірілген жұмыстар жүргізілуде. Мәселен, туристік объектілерге жұмыс сапарының арқасында инфрақұрылымның ағымдағы жай-күйінің объективті көрінісі алынды. Бұл жағдай, әлбетте, даму жоспары мен басымдықтарды түзетуге мүмкіндік берді.

Кеңес алдында туристік инфрақұрылымды одан әрі дамыту, инвестиция тарту, туристер ағынын қайта бөлу, сондай-ақ білікті кадрларды даярлау міндеті тұр. Туристік салаға сандық (цифрлық) технологияны енгізуге басты назар аударылады. Сандық деректерді талдау арқылы туристерге сапалы туристік өнім мен қызметтерді ұсынғысы келеді.

«Геоақпараттық жүйелердің көмегімен бұл 2ГИС, гугл, т.б. цифрлық деректерді ала отырып, біз туристің психологиясын түсінгіміз келеді. Сонымен бірге, біз қазірдің өзінде бар туристік нысанды, ең танымал бағыттарды тексереміз, сонымен қатар туристер қандай мәселеге тап болатынын білеміз. Кеңесте бізге әр жолы Алматыда ақпараттық баннерлер,



Қолғажды жасаған Нұрбол ӨСЕРҰЛЫ.



ағылшын тіліндегі жол белгілерінің санын көбейту қажет деп айтылады. Әрине, бұл шаруалар белсенді күш салуды қажет етеді. Бұл бағытта біз инновациялық әдістер көмегімен негізгі де өзекті мәселелерді біліп, басқа мемлекеттік орган мен мүдделі тараптағы әріптестерімізге мұның лайықты шешу

жолдарын ұсынып, осындай мәселелерді жедел шешкіміз келеді», – деп ойын түйіндеді басқарушы директордың салалық даму жөніндегі орынбасары.

Алматы – еліміздің негізгі туристік орталығы

Жалт-жұлт еткен дүниедей көрінгенімен, туризмнің түп-төркіні терең. Мұны «жер таны – ел таны» деген ба-бамнан асыра бағалаған ешкім болмаған шығар. Әйтпесе, атам қазақ: «Атың барда – жер таны, желіп жүріп...» деп әндетпесе керек. Туризм – ең алдымен, дүниетану, өркениетке ұмтылу. «Жақсыны көрмек үшін» деп сапар-лаған қазақ жамандықтан жиреніп, жақсылыққа ұмтыл-ған ғой. Сол секілді, туризмнің де қайсыбір елдің эконо-микасы, мәдениеті мен әлеуметтік саласында маңызы зор. Туризм дегенде, еліміздің таңқаларлық та тартымды, көркем де көрікті жерлерінің, соның ішінде Алматының алатын орны айрықша. Сөз жоқ, Алматы – еліміздің негізгі туристік орталығы.

Осы күні Алматы қалалық Кәсіпкерлік палатасы жанын-дағы Алматы Туризм кеңесі түрлі құрылым мен ұйымдардың күш-жігерін үйлестіріп, елеулі жұмыс атқаруда. Басты мақса-ты – Алматыны туристер үшін одан әрмен тартымды ету, бар туристік аймақты қолдау және дамыту, сонымен қатар жаңа перспектива ашу, туристік бизнесті өркендету. Біздің айтпа-ғымыз, осы жұмыстардың нәтижесіз еместігі, алға қойылған идеяның біртіндеп жүзеге асып жатқаны.

Туризм дегенде, шаңғы курорттарын дамыту ойға орала-ды. Бұл орайда Алматының мүмкіндігі де аз емес. Әрине, бұл үшін әлемдік стандартты сақтау қажет. Инвестиция тарту алдан шығады. Сапа мен қауіпсіздік стандарты бүкіл әлемде жылдам өзгеретін кезде біздің шаңғы курорттарымыз үздік-тер қатарында қалсын десек, тұрақты қаржыландыру қажет. Бұл – өңіріміздің туризм саласының бүгінгіне ғана емес, бо-лашағына салынған инвестиция.

Туристік ағынды қайта бөлуге де көңіл бөлу керек. Әрбір турист сапалы демалғысы келеді. Келушілер ағынын теңесті-ре келе, қызмет көрсету деңгейі жақсартылуы қажет. Толып жатқан курорттар бар болғанымен, әлемдік сапаға сайы тым аз. Мұны жасыра алмаймыз.

Туризм индустриясында еріктілер бағдарламасы қажет. Студенттермен араласу – туризмнің болашағын қалыптасты-ратын жас ұрпаққа инвестиция. Олар туристік ортаны байыта отырып, жаңа идея, ынта мен онсыз да таныс дүниеге жаңа көзқарас әкеледі. Тап осы туризмді дамыту жолында саяхат SIM картасын жүзеге асыру қажет. Жаһандану дәуірінде ком-муникация және ақпаратқа қолжетімділік жайлылықтың негізі боп отырған шақта, бұл – аса қажеттілік. Мұндайда операторлармен ынтымақтаса келе, туристерге ыңғайлы жағы қарастырылады.

Әлбетте, бұл брифингте журналистер тарапынан сауал қарша борап, сәйкесінше тұшымды жауап та қайтарылды. Туризм төңірегінде бірталай ұсыныс та айтылып, болашаққа арналған жоспар жайында, аз да болса, ой бөлісуге мүмкіндік болғандай. Мұның өзі қаламыздағы туризмді дамытуға қызы-ғушылық танытқаннан туындап отыр. Медеуі мәртебесін көтеріп, Шымбұлағы шыңға шақырған шырайлы шаһардың көркем көрінісі көп-ақ.



Суреттерді түсірген Самат ҚҰСАЙЫНОВ.



АЛМАТЫНЫ БАСҚАРҒАНДАР

ПӘТЕР БӨЛІСІН РЕТКЕ
КЕЛТІРГЕН БАСШЫ

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев ұлттық кадр тапшылығы жөнінде бірнеше мәрте айтты. Жалпақ тілмен айтқанда, қай салада болсын білікті кадр тапшылығы болмас үшін бұл бағытта жүргізілетін жұмыста қателік болмауы керек.

Өткенді аңсаудан аулақпыз, бұрынғының әңгімесін ақтап алайын деп отырғанымыз жоқ. Бірақ коммунистік партияның тұсында бұл мәселеде белгіленген тәртіп болғаны сөзсіз. Әр салаға өз ісінің шеберін, тәжірибелі маманды отырғызатын және сатылап өсіретін. Әсіресе, басшы тағайындағанда, екі шоқып, бір қарайтын. Мұндайда ру, жүз мәселесі көбіне екінші, үшінші орынды місе тұтатын. Айтпағымыз не?

Демек, ұлттық кадр тапшылығы қазір де ең өткір мәселенің бірі де бірегейі. Мекеме тұтқасын ұстайтын адам ең алдымен ұлтқа, ел мүддесіне, яғни адамға қызмет етуді ойлауы керек. Осы тұрғыдан келгенде, Алматыны басқарған қай басшы тұрасында да тұрасын айтуға болады. Димаш Ахметұлы Қонаевтың қала құрылысын аралап жүріп, басшылық қызметтің бар жолынан өткен Асқар Құлыбаевты бір ісінен ғана тап басып танып, Алматы қаласы атқару комитетінің төрағасы қызметіне ұсынуы соның бір дәлелі.

Ал енді бұл кісі осы зор сенімді қалай ақтады?

Бұл кісі жасында спортпен жүйелі түрде айналысыпты. Оның ішінде анау-мынау емес, күрзі өнер бокс. Бұл жөнінде өзі бір сұхбатында былай дейді. Сөзін дәлме-дәл келтірейік.

«Бокстан республикалық жастар командасында болдым. Ошақпай Рысбеков, Айтжан Айдарбеков сияқты жігіттер бірге жүрдік. Жастар командасы Ленинград, Мәскеу, Львов қаласындағы жарыстарға бардық. Сол кезде Совет Одағының бес дүркін чемпионы, әйгілі Градополов, ол кезде жаттықтырушы, маған «Кел бізге, сені боксшы ретінде биіктерге шығарамын» деп қолқа салды. «Ойланайын» дедім. Львовтан қайтып келе жатқанда жігіттердің бәрі «Не бар орыстардың ішіне барып, өзің шебер боксшысың, жат елді қайтесің?» деді. Ол кезде біздің құрама мықты, Әбдісәлан Нұрмаханов бастаған Хайрулдинов, ағайынды Каримовтар, Омаровтар бар. Одақтағы ең күшті құрама команда еді. Бірақ шовинистік пиғылдың бар кезі,

бізді қысып алдыңғы қатарға жібермейді. Қарсыласыңды ұрып түсірмесең, оңай жеңіс жоқ».

Әрине, әңгімеден аңғарған боларсыз, боксшы болу үшін ең алдымен намыс керек. Ал намысты адам ең алдымен елге қызмет етуді ойлайды. Қызметте де солай. Демек, осындай негізі бар, ұлттық кемсітушілік көрген адамның жауапты қызметте болуы да бір бақыт. Әдетте басшыда білім болады да, сол білімді ұлты үшін жүзеге асыруға келгенде жалтақтап, мінез жетіспей жатады. Міне, Құлыбаевтың осы мінезі Гурьев облыстық партия комитетінің бірінші басшысы болғанда көрінді. Гурьевтің жағдайы ол кезде адам төзгісіз болатын. Жер асты – су. Елдің басым бөлігі жер үйлерде, тіпті кепелерде тұрады. Көше батпақ. Аяқ алып жүре алмайсың. Ол кезде Маңғыстауды да Гурьевке қосқан. Сол күндерді Асекең былай еске алыпты.

«Байқап қарасам, бүкіл Ақтау (ол кезде Шевченко) – жойыт пен орыс. Металлургия комбинатында бір қазақ жоқ. Жабдықтау саласы тікелей Мәскеуге қарайды, ешкімге бағынбайды. Мемлекет ішінде мемлекет болып отырған қала. Соны бұздық қой. Комбинаттың ішіне қазақтарды орналас-тырып, орынбасарларын қазақ қойып, Кузнецов деген бастығына, өзі Еңбек Ері бюрода сөгіс беріп, әкесін таныттық».

Өзі іскер, мол тәжірибе жиған, өз ортасында озық, тұлғалық биікке жеткен адамға тағы да айтамыз, намыс қосылса алынбайтын қамал жоқ. Алматыдай алып шаһардың ең басты проблемасы жылудың жеткілікті болуы. Бұл қай кезде де өзекті мәселе болған. Қазір технологияның дамыған заманы. Құрылыс материалдарынан, тиісті мамандардан тапшылық бола бермейді. Қаржы жетіп тұрса, тығырықтан шығу қиын емес. Ал кешегі мұның бірі де жоқ заманда қалай еді? Асекең Алматыдағы алғашқы қадамын жаңа құрамда магистраль құбырларын ауыстырудан бастады. Қаланың құбырлары тозған, шұрық тесік, химиялық қорғаныспен қамтылмаған, шіруге айналған. Қысқасы, екі жылдың ішінде қалада 100 шақырым құбыр ауыстырылды. Мұндай алапат жұмысты өзі айтқандай, «ыңғайы жоқ, стандарттан тыс» адам болуға еті үйреніп кеткен басшы ғана еңсере аласа керек. Сонымен қатар, осы күні жұрт жүйткіп жүрген метро құрылысына Мәскеуден зорға рұқсат алып, оның жұмысын 1983 жылы өзі бастап кетті.

Пәтер мәселесі Алматыда қай кезде де оңай болмаған. Әсіресе, кезек мәселесіне келгенде құқық бұзушылық жоғары жақтың өзінен басталатын. Бұл кісінің қала билігіне келгенде байқап, жағасын ұстағаны лауазымды қызметте отырғандар тіпті пәтер кезегі дегенді білмей келген. Онымен қоймай, ағайын, туыстарына да бере берген. Осыған әбден еті үйреніп кеткендер бұған да сол тәсілді қолданбақшы болып, пәрмен бере бастайды. Партияның ақ дегені алғыс, қара дегені қарғыс болып, атқарушы билікті атша билеп алған. Бірақ бұл оған көнбей, өз позициясын ашық білдірді. Бұның тәртібі ақыр соңында Орталық Комитеттің бюросында қаралды.

Қысқасы, мұның жұмысынан еш кінәрат таба алмаған бюро мүшелері «Құлыбаев пәтер мәселесін тәртіпке келтіріпті» деген бір тоқтамаға келеді. Қызметінде қалды. Партиядан шығарылған жоқ. Есесіне, ол сол принципімен әріптестері ғана емес, қала халқының да есінде қалды.

Қ.ҚОШҚАРУЛЫ.

АНЫҚ-ҚАНЫҒЫН БІЛГІҢІЗ КЕЛСЕ...



АНА мен БАЛА

міндетті әлеуметтік сақтандыру жүйесі арқылы қорғалады

Жұмыс істейтін әйелдерді қолдау мақсатында 2008 жылдан бері елімізде халықаралық стандарттарға сәйкес келетін ана мен баланы міндетті әлеуметтік сақтандыру жүйесі сәтті жұмыс істеп келеді.



Нұржамал
ӘЛІШЕВА

Жүктілігі және босануы бойынша біржолғы әлеуметтік төлем жүктілігі және босануы бойынша уақытша еңбекке жарамсыздық парағында көрсетілген демалыс берілген күннен бастап туындайды. Төлем мөлшері соңғы 12 айда әлеуметтік аударымдар жүргізілген орташа айлық кіріске және еңбекке уақытша жарамсыздық күндерінің санына байланысты болады.

Жүктілікке және босануға байланысты әлеуметтік төлем (ӘТжб) тағайындауға құқық қашан туындайды? Ол жүктілігі және босануы бойынша уақытша еңбекке жарамсыздық парағында көрсетілген жүктілігі және босануы бойынша демалыс басталған күннен бастап туындайды. Ал жүктілікке және босануға, жаңа туған баланы (балаларды) асырап алуға байланысты кірісінен айырылуы жағдайына әлеуметтік төлем қандай кезеңге тағайындалады? ӘТжб ҚР Еңбек кодексінің 99-бабына сәйкес жүктілігі және босануы немесе жаңа туған баланы (балаларды) асырап алуы бойынша уақытша еңбекке жарамсыздық парағында көрсетілген барлық кезеңге тағайындалады және бір рет төленеді.

ӘТжб тағайындауға, сондай-ақ ауыр босанған, екі және одан да көп бала туған жағдайда ӘТжб қайта есептеуге өтініш беру мерзімдері МӘСҚ-дан әлеуметтік төлемдерге құқық туындаған күннен бастап (жүктілігі және босануы бойынша уақытша еңбекке жарамсыздық парағын берген күннен бастап) 12 айдан аспауға тиіс.

Жүктілікке және босануға, жаңа туған баланы (балаларды) асырап алуға байланысты кірісінен айырылуы жағдайына әлеуметтік төлем тағайындау үшін өтініш «Азаматтарға арналған үкімет» мемлекеттік корпорациясының бөлімшесіне беріледі. Немесе көрсетілетін қызметті алушының ұялы байланысының абоненттік құрылғысының телефон нөмірі порталда тіркелген кезде sms-хабарлама жолымен 3 күнтізбелік күн ішінде қызмет алушының келісімін алған жағдайда проактивті қызмет көрсетіледі.

МӘСҚ ӘТжб тағайындау үшін қажетті құжаттардың (мәліметтердің) дәйектілігіне тексеріс жүргізуге құқылы. Осы мақсатта МӘСҚ мемлекеттік органдар мен тиісті ұйымдарға, әлеуметтік аударымдарды тө-

леушілерге және өтініш берушіге сұрау жіберуге құқылы.

Ауыр босанған және екі немесе одан да көп бала туған жағдайда жүктілігі және босануы бойынша әлеуметтік төлемдерді қайта есептеу қалай жүргізіледі? Бұл жағдайда ӘТжб қайта есептеу қосымша берілген жүктілігі және босануы бойынша уақытша еңбекке қабілетсіздік парағы негізінде еңбекке жарамсыздық күндерінің жалпы саны ескеріле отырып, ӘТжб тағайындалған сомасын ӘТжб қайта есептелген сомасынан алып тастау арқылы жүзеге асырылады.

ТАҚЫРЫПҚА ОРАЙ

Жұлдыз ӘЛІБЕКҚЫЗЫ, «Мемлекеттік әлеуметтік сақтандыру қоры» АҚ Алматы қаласы бойынша филиалының маманы:

Мұны білген жөн!

*Бізге «Егер әйелдің орташа айлық табысы ең төменгі жалақының 7 есептелген мөлшерінен асса, ол жұмыс берушіден айырмашылықты ала ала ма?» (2023 жылы: 7*70 000 теңге = 490 000 теңге) деген сауал жасай қойылады. Жұмыс беруші, егер бұл еңбек және (немесе) ұжымдық шарттардың талаптарында, жұмыс берушінің актісінде көзделсе, орташа жалақысын сақтай отырып, Қазақстан Республикасының еңбек заңнамасына сәйкес, МӘСҚ-дан жүктілікке және босануға, жаңа туған баланы (балаларды) асырап алуға байланысты кірісінен айырылуы жағдайына төленетін әлеуметтік төлем сомасын иегере отырып, жүктілікке және босануға байланысты демалысқа, жаңа туған баланы (балаларды) асырап алған жұмыскерлерге берілетін демалысқа ақы төлейді.*

ӘТжб тағайындау үшін өтініш берер алдында МӘСҚ әлеуметтік аударымдардың уақытылы және толық төленуін тексеру ұсынылады. Егер сіз үшін әлеуметтік аударымдар 12 айға емес, жүктілікке және босануға байланысты еңбекке уақытша жарамсыздық күндері берген айдың алдындағы 8 айға түссе, онда МЗЖ иегеріңіз 8 айдағы табыс қосылады және 12 айға бөлінеді де еңбекке жарамсыздық күндері санының коэффициентіне көбейтіледі. Тағайындалған ӘТжб сомасынан МЗЖ ұсталып, Бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қорындағы сіздің зейнетақы шотыңызға аударылатынын ескертеміз.



ЖОЛДАУ – 2023

«Оқушылар сарайы» ШЖҚ МКК бастауыш партия ұйымының мүшелері Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың «Әділетті Қазақстанның экономикалық бағдары» атты Жолдауын талқылады.

БАҒЫТ АЙҚЫН,
МАҚСАТ БИІК

Жиынды Бауыржан Бекетаев ашып, жүргізіп отырды. Өз сөзінде елімізге жаңа экономикалық біртіндеп өту міндетінің жүктелгенін жеткізді. Осы ретте жас ұрпақ тәрбиелеуде жаңаша қадам бастап, әлемдік тәжірибелердің оң өзгерістеріне ілесіп отыру қажеттігін атап өтті.

– Жолдаудағы әрбір басымдықтың бағыты айқын, мақсаты биік, – дей келе Бауыржан Жақанұлы Жолдаудың әрбір бағытының ерекшелігіне тоқталды. Алғашқы сөз кезегін алған Аманат партиясының Медеу аудандық филиалы өкілі Зарина Есболатова қазіргі кезде елімізде қолға алынып жатқан ауқымды жұмыстар мен жобалар туралы әңгімеледі. Ұзақ жылдан бері білім саласында еңбек етіп келе жатқан, Білім беру ісінің үздігі Елена Тагильцева Мемлекет басшысының тапсырмасымен жүзеге асып жатқан «Жайлы мектеп» пен «Ұлттық қор – балаларға» жобасының маңыздылығы туралы жан-жақты айтып, осы мақсатта атқарылып жатқан жұмыстарға мысал келтірді.

Жиынға қатысушылар өз ой-пікірлерін ортаға салып, ұсыныстарын жеткізді.

БӘРЕКЕЛДІ!

ОҚУ ОРНЫНЫҢ ӨЗ ОРТАЛЫҒЫ БАР



Суреттерді түсірген Самат СЕРІКБАЙҰЛЫ.

Байырғы оқу ордаларының бірі – Алматы Технология университеті оқу жылын тағы бір жағымды жаңалықпен бастады. Жақында ғана оқу ордасының студенттері үшін жаңадан жатақхана ашылып, пайдалануға берілсе, енді міне, «Каз-Мед орталығы» емдеу орны ашылып отыр. Оның ашылу салтанатына Алматы ауданы әкімінің орынбасары Айнұр Серікқызы, Жастар саясатын дамыту мемлекеттік қорының директоры Әзиз Қажденбек, оқу ордасының бірінші проректоры, профессор Бауыржан Нұрахметов қатысты.

Аталған орталық таңертеңгі 8.00-ден бастап, кешкі 20.00-ге дейін студенттерге қызмет көрсетеді. Мұнда алғашқы жедел көмек көрсету қызметінен бастап, барлық медициналық қызмет түрлері бар. Орталықта білікті мамандар қызмет көрсетеді. Енді студенттер осында тіркеліп, барлық медициналық қызмет түрлерін тегін пайдалана алады.

Қонақтар мен университет студенттерін оқу ордасында ашылып отырған орталықтағы қызмет түр-

лерімен Гауһар Әнуарбекқызы таныстырды. Сонымен, бұл орталық тек емдеу ісімен айналыспайды, студенттерге енді тегін ақыл-кеңестер алуларына болады.

– Қазір көптеген оқу орындарында студенттерге жатақханадан орын жетіспей жатқанда, мұндай орталықты ашу дегеніңіз үлкен еңбекті қажет етеді. Сондықтан студенттеріміз салауатты өмір салтын ұстанып, еркін білім алса дейміз. Оқу ордасында оған барлық жағдай жасалған, – дейді Айнұр Бекжанова.

«МЕКТЕПKE ЖОЛ»

«ҚАЙЫРЫМДЫЛЫҚ ЖАСАСАҢ,
ҚАЙЫРЫН КӨРЕСІҢ»

Қайырымдылық жасау дегеніңіз – адам бойындағы ең бір ерекше қасиет. Олай дейтініміз, ізгіліктің өзі – адамның адамға деген таза ниеті мен бір-біріне деген сүйіспеншіліктен жасалатын көмегі. Жақсылық жасау – имандылықтың, тәрбиеліліктің, парасаттылықтың айқын көрінісі.

«Қайырымдылық жасасаң, қайырын көресің», – дейді дана халқымыз. Осыған орай қазіргі таңда елімізде түрлі іс-шаралар мен игілікті істер, акциялар, қайырымдылық қорлары арқылы қолұшын созатын ізгі жандар саны арта түсуде. Соның бірі – 2023-2024 жаңа оқу жылы алдында оқушылардың алаңсыз білім алуына «Мектепке жол» республикалық акциясы «Жақсылық жаса!» ұранымен өз жалғасын тапқандығы. Акция барысында көмекке мұқтаж оқушылардың тізімі жасалып, әлеуметтік тұрмысы төмен, аз қамтылған отбасынан шыққан және көпбалалы отбасы білім алушыларының саны анықталып, шара аясында мұқтаж отбасы балаларына зат-

тай және қаржылай көмек көрсетілді.

Жалпы, қайырымдылық жасау – әр адамның қолынан келетін іс. Әрбір жасалған істе ізгілік пен мейірімділік, адамгершілік қасиеттердің көрініс табары сөзсіз. Жанында жүрген жандарға қуаныш сыйлап, жүрек жылуын бере білгеннің өзі – қазақ халқына тән, ұлттық қасиетіңіз бен көрегендігіңіздің жемісі деп біліңіз. Осының айғағы ретінде Әуезов ауданы №173 мектеп-лицейі ұжымы мен атаналары да бірнеше балаларға қуаныш сыйлап, акцияға өз үлестерін қосып, көпшіліктің алғысына ие болды. Осы ретте 7 оқушыға «Гласман» компаниясы мектеп формасын, 5 оқушыға мектепке

қажетті сөмке мен кеңсе заттары, 1 оқушыға демеуші ата-ана мектеп формасын, 6 оқушыға 265 000 теңге көлемінде қаржылай көмек көрсетілді. «Әрбір жасалған істің артында қайыры бар» демекші, жақсылық жасайтын жандар әрқашан арамыздан табылып жатқаны қуантарлық жағдай. Жылы сөз бен мейірімге мұқтаж жандардың жанына шуақ шашып, жүректеріне көтеріңкі көңіл күй сыйлап жатсақ, нұр үстіне нұр болар еді. Әрбір адам кішіпейіл де әділ, қайырымды болуы тиіс. Айналамызға ізгілік нұрын шашып, сый-сияпат көрсету – адамгершіліктің ең үлкен құнды қасиеті екенін ұрпақтан-ұрпаққа үлгі ете отырып, ел алғысына бөленуден артық сый жоқ екендігін жеткізе алсақ үлкен игілікті істің шыңына жету деп білеміз.

Д.ӘЛІПБАЕВА,
Н.ТОГУСОВА,
№173 мектеп-лицейдің
әлеуметтік педагогтары.

ТӘРТП

ҚАУІПСІЗДІК КӨРСЕТКІШІ

Ұлттық білім беру деректер қорына енгізілген


Қоғамда білім беру ұйымдарындағы қауіпсіздік мәселесі үнемі көтеріліп жатыр. Қазір қала мектептері дабыл жүйесімен, лицензиясы бар күзетпен, турниктермен толығымен жабдықталған.

Мәселен, қазіргі таңда Ұлттық білім беру деректер қорының мәліметіне сәйкес, 700-ден астам контингенті бар білім беру ұйымдарының 98 пайызы лицензияланған күзет агенттіктерімен

шарт жасасып отыр. Сонымен қатар, білім беру ұйымдарының 98%-ы жедел басқару орталығына, 98 пайызы дабыл түймелерімен жабдықталып, 97 пайызына турниктер орнатылған.

Жалпы, білім беру ұйымдарындағы қауіпсіздік көрсеткіштері Ұлттық білім беру деректер қорына толығымен енгізілген. Бұл өз кезегінде күнделікті мониторингті жүзеге асыруға мүмкіндік береді. Ұлттық білім беру деректер қорынан алынған деректерді ендігі жерде Ішкі істер министрлігінің ақпараттық жүйелері арқылы қайта тексеруге болады.

МӘСЕЛЕ



ТЕХНИКАЛЫҚ МАМАНДАР ҚАЖЕТ

Еліміздегі жаңа өндірістік саясатты жүзеге асыру үшін, ең алдымен, заман талабына сай мамандардың ауадай қажет екені белгілі. Бірақ елімізде техникалық мамандарға деген сұраныс үш есеге артып отыр. Еліміздегі техникалық салаға қажетті мамандардың тапшылығы экономикамыздың ілгерілеуіне де өз ықпалын тигізуде. Мемлекеттен бөлінетін білім гранттарының басым бөлігінің техникалық мамандықтарға берілуі де тегін емес. Мәселен, қазіргі таңда республикамыздағы 800 жоғары технологиялық кәсіпорында білікті мамандар тапшы көрінеді. Мұндай ақпаратты Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігі арнайы зерттеу жүргізіп, нақты дәлелдермен растап отыр.

Әсіресе, Қарағанды, Павлодар, Шығыс Қазақстан облыстарының еңбек нарығында ұсыныс-сұраныс үш есеге артқан. Сонда «жоғары оқу орындарын бітірген түлектеріміз қайда кетіп жатыр» деген сұрақ еріксіз туындайды. Ел Президенті өз Жолдауында алдағы 5 жылда елімізде 14 гигаватт жаңа энергетикалық қуаттылық қолданысқа берілуі тиіс екенін айтты. Бұл ретте тапшы мамандарды даярлау мәселесі кезек күттірмеуге тиіс. Тағы бір нақты ақпаратқа сүйенсек, соңғы үш жылда еліміздің энергетика кластерінде маман саны 18 пайызға азайып, Риддер жылу беру орталығына 100-ге жуық жұмысшының жетіспей жатқаны айтылуда.

Ал сол Шығыстағы политехникалық колледж осы салаға қажетті мамандарды дайындайды. Дәл қазір оқу орны кәсіпорындармен меморандумға отырып, студенттер конвейерлердің жаңа технологиясын меңгере бастаған. Алматыда жүзге жуық колледж бар. Олардың басым бөлігі жан-жақты профильді. Бұған қоса, жастар арасында инженерлік саланы таңдағандардың қатары артып келеді. Өйткені, техникалық мамандыққа бөлінген мемлекеттік грант 60 пайызға көбейіп, 88 мың орынға жетіп отыр. Бұл көрсеткіш тек маман тапшылығын ғана жою емес, білім беру үрдісіне заманауи талаптарды да енгізудің қажет екенін көрсетеді.

Бетті әзірлеген Рая ЕСКЕНДІР.



ҚАҢДАСТАР

АССАЛАУМАҒАЛЕЙКУМ, АҒАЙЫН!

Биылғы 1 қыркүйектегі ахуал бойынша 16 026 этникалық қазақ тарихи Отанымен табысып, қандас мәртебесін алды

ҚР Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігінің деректеріне сүйенсек, жалпы 1991 жылдан бері елімізге 1 млн 123,2 мың этникалық қазақ оралған екен.



Жыл басынан Қазақстанға оралған қандастардың жартысы Өзбекстаннан (53,6%), Қытайдан (19,6%), Моңғолиядан (10,9%), Ресейден (7,8%), –Түркіменстаннан (5,9%) және 2,2%-ы басқа елдерден көшіп келіпті.

Биылғы 1 қыркүйектегі жағдай бойынша еңбекке қабілетті жастағы этникалық қоныс аударушылар саны 61,4%-ды, еңбекке қабілетті жастаң кіші 30%-ды және зейнеткерлер 8,5%-ды құрайды.

Еңбекке қабілетті жастағы қандастардың ішінен білім деңгейі бойынша 15,6%-ы жоғары білімді, 34,4%-ы орта кәсіби білімді, 41,2%-ы жалпы орта білімді.

Қоныс аударған этникалық қазақтар республиканың түрлі өңірлеріне қоныстанған. Сонымен бірге, қандастарды қоныстандыру үшін еңбек күші тапшы

өңірлер анықталды. Олар: Ақмола, Абай, Қостанай, Павлодар, Шығыс және Солтүстік Қазақстан облыстары.

Қоныстандыру өңірлерінде 2023 жылға арналған қандастарды қабылдау квотасы 1925 адамды құрайды. 2023 жылғы 1 қыркүйектегі жағдай бойынша қоныстандыру өңірлеріне 1773 қандас қоныс аударды.

Осы жылы пилоттық режимде Қазақстан елшіліктері арқылы «бір терезе» қағидаты бойынша қандас мәртебесін беру тетігі іске асырылды. Пилоттық жоба шеңберінде елімізге бару, жұмыс орны, тұрғын үй беру мүмкіндіктері туралы мәселені шешуге және республика аумағына кірмей-ақ қандас мәртебесін алуға болады. Бүгінгі таңда республиканың шетелдердегі мекемелері арқылы этникалық қазақтардан жаңа форматта 2037 өтініш (681 отбасы) қабылданды.

Жоғарыда аталған өңірлерде қоныстанған қандастарға көшуге субсидия түрінде мемлекеттік қолдау шаралары ұсынылады – бір мезгілде отағасына және отбасының әрбір мүшесіне 70 АЕК (241,5 мың теңге) мөлшерінде; тұрғын үй жалдау мен коммуналдық қызметтерге ақы төлеуге – бір жыл ішінде 15-тен 30 АЕК (51,7-ден 103,5 мың теңгеге дейін) мөлшерінде.

Жыл басынан бері 918 қандасқа түрлі қолдау шарасы көрсетілді. Атап айтқанда, 493 адам тұрақты жұмысқа орналастырылып, 918 адам біржолғы субсидия алды, ал 383 қандасқа тұрғын үй шығыны субсидияланды.

Сонымен қатар, ерікті қоныс аударудың тиімділігін арттыру мақсатында азаматтарды солтүстік өңірлерге қоныс аударуға қатысатын жұмыс берушілерді қолдау бойынша институционалдық шаралар қабылданды. Тұрғын үй сатып алу, салу үшін немесе ипотекалық тұрғын үй қарызы бойынша бастапқы жарнаның бір бөлігін жабу үшін экономикалық ұтқырлық сертификаты тұрғын үй құнының 50%-ы немесе бір отбасына 4 млн теңгеге дейін мөлшерінде біржолғы өтеусіз және қайтарымсыз негізде енгізілді.



ЕЛІМІЗДЕ ҚАНША ШЕТЕЛ АЗАМАТЫ ЕҢБЕК ЕТЕДІ?

«2023 жылғы 1 қыркүйектегі жағдай бойынша жергілікті атқарушы органдардың рұқсатымен Қазақстан аумағында 14 571 шетел азаматы еңбек етеді», – деп хабарлайды ҚР Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігі.

Шетел жұмыс күшін тартуға рұқсаттың арасында мынадай санаттар бар: басшылар мен олардың орынбасарлары үшін 527 рұқсат (бірінші санат), құрылымдық бөлімшелердің басшылары үшін 2732 рұқсат (екінші санат).

Тартылған ШЖК негізгі бөлігі үшінші (мамандар) және төртінші (білікті жұмысшылар) санаттарға жатады – тиісінше, олар 6322 және 727 адам. Сондай-ақ, маусымдық жұмыстарға 1956 адам, ал корпоративтік ауыстыру аясында 2307 адам тартылды.

Қазіргі уақытта Қазақстанда ШЖК пайдаланатын 1424 жұмыс беруші бар. Оларда 474,4 мыңнан астам Қазақстан азаматы жұмыс істейді, бұл қызметкерлердің жалпы санының 96,9%-ы.

Экономикалық қызмет түрлері бойынша ең көп жұмыс істейтіндер құрылыс саласында – 4986 адам (34%), ауыл, орман және балық шаруашылығы – 1867 адам (12,7%), тау-кен өнеркәсібі және карьерлерді қазу – 1359 адам (9,3%), өңдеу өнеркәсібі – 1219 адам (8,3%), кәсіби, ғылыми және техникалық қызмет – 907 адам (6%).

Еңбек мигранттары келетін негізгі елдер: Қытай – 3771 адам (26,2%), Өзбекстан – 2002 адам (13,3%), Түркия – 1370 адам (9,2%). Үндістан – 1363 адам (9,4%).

Ішкі еңбек нарығын қорғау мақсатында ҚР Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігі жыл сайын республикаға шетел мамандарын тартуға квота белгілейді және бөледі. 2023 жылы жалпы квота республикадағы жұмыс күшінің санына қатысты 0,24% немесе 22 260 бірлік мөлшерінде белгіленді.

«АҚШАМ-АҚПАРАТ».
(Дереккөз: ortcom.kz).

КОНФЕРЕНЦИЯ

АБАЙДЫ ХАЛҚЫМЕН ЖАҚЫНДАСТЫРҒАН

Халқымыздың айтулы тұлғаларының бірегейі Қайым Мұхамедхановтың қазақ руханиятына қосқан үлесі ұшан-теңіз

М.Әуезов атындағы Әдебиет және өнер институты және Қайым Мұхамедханов атындағы білім және мәдениет орталығының ұйымдастыруымен «Мұхтар Әуезов және Қайым Мұхамедханов: абайтанудағы зерттеу мұраттары» атты халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференция болып өтті.



Олжас
ЖОЛДЫБАЙ



М.Әуезовтің мерейтойы қарсаңында өткен іс-шараға отандық және алыс, таяу шетелдік жетекші ғалымдар мен ғылыми қызметкерлер, оқытушылар мен жас ғалымдар қатысты.

Конференцияда Абайдың ақындық мектебі, Абай мұрасы

және Алаш қайраткерлері, Абай шығармаларының текстологиясы, әлемдік өркениет контексіндегі музейлендіру мәселелері, әуезовтанудағы Қ.Мұхамедханов еңбектері сынды негізгі бағыттар бойынша пікір алмасты.

Іс-шараны М.Әуезов атындағы Әдебиет және өнер институ-

тының бас директоры Кенжехан Матыжанов жүргізіп отырды.

Ал ғылыми жиынның екінші отырысын «М.О.Әуезов үйі» ғылыми-мәдени орталығының бас ғылыми қызметкері, ф.ғ.д. Г.Пірәлі жүргізді. Ол «М.Әуезов пен К.Мұхамедхановтың шығармашылық үндестігі» деген тақы-

рыпта баяндамасын оқыды. Ұлы қаламгердің туған күніне орай өткен шарада оқылған баяндамалар мен конференцияға келіп түскен материалдар электронды жинақ ретінде жарыққа шығады.

«Қайым Мұхамедханов – халқымыздың айтулы тұлғаларының

бірегейі. Оның қазақ руханиятына қосқан үлесі ұшан-теңіз. Сондықтан өскелең ұрпақ алдыңғы буын тұлғалардың өмір жолын, жұрт үшін еткен еңбегін елеп-ескергені өте құптарлық іс», – деді ҚР ҰҒА корреспондент-мүшесі, фольклортанушы Кенжехан Матыжанов.



● СТЕНД АТУ



Азиаданың алғашқы алтынын алды

Қытайдың Ханчжоу қаласында өтіп жатқан XIX Азия ойындарында Қазақстан қоржынына алғашқы алтын салынды. Стенд ату спортынан скит бағдарламасы бойынша сынға түскен әйелдер командасы Әсем Орынбай, Зоя Кравченко, Ольга Панарина үздік атанды.

Біздің мергендеріміз чемпиондық атақтан бөлек, жалпы сомасы 350 балл жинап, Азиада рекордын жаңартты. Олар Қытай (348 ұпай) және Тайланд (342 ұпай) командаларынан басым түсті.

«Қыздарды осы тарихи жеңіспен құттықтаймын! Алтын медальдан басқа, біздің спортшылар да жаңадан жарыс рекордын орнатты, бұл жеңісті одан да әсерлі етеді. Естеріңізге сала кетейін, Алматы облысында стенод атудан Әлем Кубогында біздің құрама бірінші жалпы командалық орынға ие болған. Бүгін бүкіл Азия бұл табыстың кездейсоқ емес екенін түсінді», – деді Туризм және спорт министрі Ермек Маржықпаев.

Ал стенод атудан Қазақстан командасының бас бапкері Сергей Колос қазақстандық мергендердің бұл жеңіспен тоқтамай, Париждегі Олимпиадаға лицензия алу үшін күресетіндерін хабарлады.

Айта кеткен жөн, алтын жүлде Қазақстан құрамасына жалпы медальдық есепте 16-шы орыннан 11-ші орынға көтерілуге мүмкіндік берді. Өзірге командалық есепте Қытай спортшыларына тең келетіндер жоқ – 104 (58-33-13) жүлде. Екінші орында – Оңтүстік Корея – 53 (15-16-22), ал үшінші орында – Жапония – 51 (9-21-21) құрамалары орналасты.

«Жарыс оңай өткен жоқ. Ханчжоуда ауа райы ыстық, тіпті қапырық деуге болады. Дегенмен, біз ештеңеге қарамай барымызды салдық. Біз бұл жетістік үшін көп еңбек еттік және болашақта бұдан да үлкен белестерді бағындыра аламыз деп ойлаймын. Алдағы жоспарымыз – Оңтүстік Кореяда өтетін Азия чемпионатында жоғары нәтиже көрсетіп, Париж Олимпиадасына жолдама алу», – деді стенод атудан су жаңа Азия чемпионы Зоя Кравченко.

● ҚАЛАЛЫҚТАР ҚАПЕРІНЕ!

АЛМАТЫ МАРАФОНЫ

Биыл жарысқа әлемнің түкпір-түкпірінен келген 15 000 спортшы қатысады



Гүлжанат СЕМБАЕВА

Алматы марафоны – Орталық Азиядағы ең ірі жарыс. Биыл 1 қазанда он екінші рет өтеді. Марафон AIMS Халықаралық жарыстар мен жүгірулер қауымдастығына кіреді, марафон трассасы World Athletics стандартына сәйкес сертификатталған. Биыл жарысқа әлемнің түкпір-түкпірінен келген 15 000 спортшы қатысады. Республика алаңында басталады, сол жерде аяқталады.

15 жастан асқан тілек білдірушілер 42,2 км, 21,1 км, 10 км, 10 км скандинавиялық жүріске және Экиден командалық эстафетасына қатысуға болады. Сөре мен мәре Республика алаңында жоспарланған. Мәреге жеткен қатысушылар мәрешінің естелік медаль алады. Сонымен қатар, ерлер мен әйелдер арасындағы жас санаттарындағы үздік үштік медальмен, грамотамен және ақшалай сыйлықпен марапатталады. 21,1 км және 42,2 км абсолютті жеңімпаздарға ақшалай сыйлық беріледі.



Дәстүрлі іс-шара аяқталғаннан кейін жиналған қаражаттың бір бөлігі қайырымдылық жобаларды қолдауға жіберіледі.

Бытыр Қаскелең мен Талғардағы мүгедек балаларға арналған екі мектеп-интернатқа, «Солнышко» балалар үйі мен «Rehab Team» оңалту орталығына спорт нұсқаларын салып, қажетті жабдықтарды сатып алуға 45 500 000 теңге бөлінді. Бұған қоса, «Одиннадцать друзей Максима» командасына «Flying Start racing Wheelchair» он жарыс арбасы табысталды.

Алматы марафонының ұйымдастырушылары:

«Бірінші болу – батылдық» корпоративтік қоры, «World Class Almaty» фитнес-клубы, Академик Ш.Есенов атындағы ғылыми-білім беру қоры және Алматы қаласы

әкімдігінің қолдауымен #Сенінжа-нақырың мультиспорттық YouTube-арнасы.

Марафонға қатысу үшін almaty-marathon.kz сайтына тіркеліп, қатысу ақысын төлеу қажет. Қазір 21,1 км, 42,2 км қашықтыққа, скандинавиялық жүріс пен Экиден эстафетасына тіркелуге болады. 1 қазанда сағат 7.00-ден 13.30-ға дейін жарыс өтетін жерлерде көлік қозғалысы ішінара жабылады. Спортшылар жүгіріп өткен көшелерде біртіндеп жол ашылады.

Қай көшеде көлік қозғалысы шектелетіні туралы ақпаратты <https://almaty-akshamy.kz/> сайтынан, Алматы жолы Телеграм-каналынан <https://t.me/AlmatyJoly> және қаланың ресми Instagram парақшасынан https://www.instagram.com/akimat_almaty/ көруге болады.

● АЗИА ОЙЫНДАРЫ

СПОРТШЫЛАРДЫҢ АЛҒАШҚЫ ЛЕГІ ЕЛГЕ ОРАЛДЫ

Қыркүйектің 26 жұлдызынан 27-сіне қараған түні Алматы халықаралық әуежайына Ханчжоудағы жазғы Азия ойындарына қатысқан 50-ден астам спортшы ұшып келді.

Олардың арасында Азия ойындарында бессайыстан алғаш рет Олимпиада лицензиясын жеңіп алған Елена Потапенко мен Георгий Борода-Дудочкин бар. Өзірге спорт сайысының нәтижесі бойынша еліміздің спортшылары 1 командалық алтын, 2 күміс және 7 қола жүлде алды.

Ал Қытай елінде әлі де бақ сынайтын спортшыларымызға Туризм және спорт министрлігінің хабарлауынша,



Димаштың фанаттары, еріктілер, қытайдағы қандастар мен студенттер жанкүйер болып жүр.

«Қазақстандық дзюдошылардың белдесулерін көрдім. Жақсы өнер көрсетті. Қазақстанда да ірі халықаралық іс-шаралар өтетінін білемін. 2017 жылы сіздерде ЭКСПО көрмесі өткеннен хабардармын», – дейді Ханчжоу тұрғыны Дэн Юэ.

Сондай-ақ, Азиадада жүрген еріктілердің арасында қазақстандық спортшыларға қолдау білдіретіндер көп. Олардың басым бөлігі Димаш Құдайбергеннің жанкүйерлері. Жастардан бөлек, Димаштың өнерін бағалайтын ересектер де қазақстандықтарға ыстық ықылас білдірді.

«Иә, мен Димашты білемін, концертте көрдім, өте керемет! Қазақстанның спортшылары мен жанкүйерлеріне алыстан келіп, Азиадаға қатысқандары үшін алғыс білдіремін. Бұл өз еліне және спортқа деген сүйіспеншіліктің дәлелі», – дейді Азия ойындарын тамашалауға Бейжіңнен келген Лю Пэнчжань.

Ханчжоуда өтіп жатқан жазғы Азия ойындары 8 қазанға дейін жалғасады.

● ФУТБОЛ

БІЗДІҢ ҚҰРАМА ФИНЛЯНДИЯМЕН ОЙНАЙДЫ

2024 жылғы Еуропа чемпионатына іріктеу кезеңі аясында Қазақстан құрамасының Дания және Финляндия командаларымен өткізетін ойындарына шақырылған ойыншыларының кеңейтілген тізімі жарияланды.

Қазақстан ұлттық құрамасының бас бапкері Магомед Адиев 2024 жылғы Еуропа чемпионатының іріктеу турнирінде Дания



(14 қазан) және Финляндия (17 қазан) құрамаларымен өтетін матчтарға шақырту алған ойыншылардың ке-

нейтілген тізімін жариялады. Жалпы тізімге 34 футболшы енді. Құрама ойыншыларының оқу-жат-

тығу жиыны 6 қазанда Алматы қаласында басталады.

Айта кеткен жөн, Қазақстан құрамасы қазан айында 2024 жылғы Еуропа чемпионатының іріктеу кезеңінде сырт алаңда екі матч өткізеді. 14 қазан күні Магомед Адиев командасы Даниямен Копенгаген қаласында кездеседі. Ойын «Паркен» стадионында елорда уақытымен 00.45-те басталады.

Үш күннен кейін біздің құрама Финляндиямен ойнайды. Кездесудің басталуы Астана уақытымен 22.00-ге жоспарланған. Матч Хельсинки қаласы, «Олимпия» стадионында өтеді.

● ТЕННИС

Астанада әлемдік дода басталды



Елордамыз Астана қаласында Astana Open ATP 250 турнирі басталды. Халықаралық жарыс 26 қазан – 3 қазан аралығында жалғасады.

Тартылған жеребе бойынша Қазақстанның бірінші ракеткасы Александр Бублик жарысты екінші айналымнан бастайды. Бублик мажарстандық Мартон Фучович немесе аустриялық Себастьян Офнердің біреуімен кездеседі.

Доданың бірінші ракеткасы болып тіркелген нидерландылық Таллон Грикспур де бірден екінші айналым матчын өткізеді. Доданың екінші ракеткасы – аргентиналық Себастьян Баэс болды. Сондай-ақ, тандаулылар қатарында чехиялық Иржи Лехечка (4), америкалық Себастьян Корда (5), франциялық Адриан Маннарино (6), сербиялық Ласло Джере (7), швейцариялық Стэн Вавринка (8) және басқалары бар.

«Өткен жылы Астанада ATP 500 турнирінің жоғары деңгейде ұйымдастырылғаны туралы теннисшілерден көп естідім. Мұнда бәрі ұнайды. Өзімнің үздік өнерімді көрсету үшін барымды саламын», – деді Иржи Лехечка.

Beeline Arena ұлттық теннис орталығында өткен іріктеу кезеңі ойындарының нәтижесі бойынша жарыс ұйымдастырушыларынан Wild card алған қазақстандық Тимур Мәуленов екі сетте француз Александр Мюлерге (әлемнің 84-ші ракеткасы) 4:6, 2:6 есебімен есе жіберді.

Дегенмен, қазақстандық теннисшілер тарапынан жақсы жаңалық та жоқ емес. Отандасымыз Аружан Сағындықованың WTA жаңартылған рейтингіндегі орны көтерілді. 18 жастағы Қазақстан теннисшісі өткен апта қорытындысы бойынша рейтингте 76 сатыға жоғарылап, енді 746-орында тұр. Айта кеткен жөн, теннисшіміз бір ай ішінде 310 сатыға көтерілген. Бұрын ол 1056-қатарда тұрған болатын.

Қазақстанның екінші ракеткасы Юлия Путинцева да WTA рейтингіндегі орнын жақсартты. Ол 81-ден 73-орынға көтерілді. Сондай-ақ, жекелей рейтингте тағы бір қазақстандық теннисші – Жанель Рүстемованың орны жоғарылады (1381-орын, +8 саты).

Бетгі әзірлеген Досбол АТАЖАН.



● ДЕРЕКТЕР МЕН ДӘЙЕКТЕР

БАЙТҰРСЫНОВ БАРОМЕТРЫ

Ташкенттегі той ұлт ұстазының беделін асқақтатты

1923 жылдың 18 қаңтарында Қазақ АССР Халық ағарту комиссариатының алқасы бұрын-соңды болмаған ерекше қаулы қабылдады. Ол қаулы бойынша ұлтымыздың ұстазына айналған Ахмет Байтұрсынұлының 50 жылдық мерейтойын бүкіл еліміз көлемінде атап өту көзделген. Бұл орайда мерейтой иесіне арналған жинақ шығарып, газеттер мен Қазақстанды зерттеу қоғамының еңбектерінде ол туралы мақала жарияламақ болды. Сондай-ақ, Қазақ халыққа білім беру институтына Ахмет Байтұрсынұлының есімін беруді дұрыс деп тапты. Алайда, бұл шаралар орындалған жоқ. Себебі... іле-шала, 23 қаңтарда облыстық партия комитеті мен президиум аталған қаулыға қарсы шешім шығарған еді. Онда мерейтойды тек жеке мерекелеуге болатыны көрсетілді. Онымен қоймай, мерейтойда сөйлейтін Сәкен Сейфуллиннің сөзіне қырағылық танытуды ескертті.



Кеңес орындарының мұндай шара қолданатындай себептері бар еді. Ахмет Байтұрсынұлының 50 жылдық мерейтойын осының алдында ғана бүкіл Түркістан автономиялы республикасы болып атап өткен болатын.

– 1922 жылы Ахаң Ташкентке келеді. Ол кісінің бұл келуі үлкен бір оқиға болды. Негізі, Ахмет Байтұрсынұлы Ташкентке өзінің елу жылдығын атап өтуге келген жоқ болатын. 1918–1924 жылдар аралығында Түркістан автономиялы республикасы деген бар еді. Мұсылман елдерінің басын біріктіруге ұмтылған қазақ зиялыларынан Кеңес үкіметінің өзі қорқа бастаған кез болатын, – дейді филология ғылымының кандидаты, ахметтанушы Аманкос Мектептегі. – Ахаң Ташкентке сол кездегі Сырдария мен Жетісу облыстарын Қазақстанға қосу мақсатымен келген еді.

Шынында да, енді ғана күш алып келе жатқан Кеңес үкіметі қазақ зиялыларынан қатты қорқа бастаған болатын. Себебі, қазақтың сол уақыттағы оқыған азаматтары кеңестік қитұрқы саясаттың арғы жағындағы астарын анық көре білді. Оның үстіне, бүкіл түркі әлемінде қазақ зиялыларының шоқтығы биік еді. Патшалы Ресей ғасырлар бойы жүргізіп келе жатқан отаршылдық саясатты одан ары Кеңес өкіметі сипаты бөлек мәдени жолмен жалғастыра бастады. Алдында олар, тіпті, қазақ жерін екіге бөлуді көздеді. Құдай берген дарыны бар Ахмет Байтұрсынұлы секілді қырағы көз халық қаһармандары оны жақсы түсінді. Ахаң ұлтымыздың ұстазы ғана емес, шын мәнінде, ұйытқысы да болды. Ол өзі ауыл молдасынан хат таныған соң, Торғайдағы екіжылдық орыс-қазақ училищесін тәмамдады. Содан кейін 1891 жылы Орынбордағы мұғалімдер мектебіне оқуға түседі. Бар болғаны осы. Энциклопедиялық терең білім меңгерген оның бар оқуы осы ғана. Бұл – Ахаңның өмір бойы асқан ыждағаттықпен өз бетінше оқып-жетілген ғаламат ерлігінің айғағы.

1905 жылғы маусымда Қарқаралы уезінің Қоянды жәрмеңкесіндегі әйгілі петицияны ұйымдастырушылардың басында жүруі Ахмет Байтұрсынұлының саяси күреске сол кезде-ақ бел шеше кіріскенін көрсетеді. Ал, Ахаң қазақ арасында ғана емес, бүкіл түркі жұртында үлкен беделге ие болған.

Мұрағаттар мен құжаттаманы басқару жөніндегі комитеттің бас маманы болған Ғазиза Исахан:

– Басқа еңбектерін былай қойғанда, Қазақ автономиясын құруда, қазақ мемлекеттігін нығайтуда, аштыққа ұшырағандарға көмек көрсетуде, Қазақ зерттеу қоғамын құруда Ахмет Байтұрсынұлының еңбегі ұшан-теңіз. Бүкіл жұмырын елінің болашағы үшін арнаған Ахаңның мұндай үлкен беделі сол кездегі кеңестік билік басында отырғандарды қатты алаңдатты. Кеңес өкіметі күш ала бастаған соң, бұрын талай лауазымды қызметтер атқарған Байтұрсынұлы қызметтен шеттетіле бастайды. Мұстафа Шоқай сөзімен айтсақ, бұл Ресей компартиясының отарлау саясатының бір көрінісі еді, – дейді тебірене ойлап.

Бұл рас еді. 1907 жылы патша итаршылары Ахмет Байтұрсынұлын Қарқаралы түрмесіне отырғызды. Одан босап шыққан соң, көп ұзамай-ақ, тыңшылар оны тағы да Семей түрмесіне апарып жабады. Ал 1910 жылы 21 ақпанда қазақ жерінде тұруға екі жылға тыйым салып, жер аударды. Сол уақыттарда Ахаң, алдымен, Омбыға, одан кейін Орынборға келеді. 1912 жылы «Айқап» журналының 4-5-сандарына оның «Жазу тәртібі» атты мақаласы шықты. Бұл мақала жалпы түркі әлемінде болған үлкен жаңалық еді. Қолданып жүрген жазу жалпы қазаққа көп қиындық туғызып жүрген. Араб қарпін пайдаланғанда бір жазудың өзін әркім әрқалай оқып жүрді. Әріптердің әртүрлі жазылып, әртүрлі оқылуы сауат ашуға тұсау болды.

Ақырында, «Байтұрсынұлының альфавиті» өмірге келіп, білім-ғылымда ұлы реформа жасалды. Филология ғылымының кандидаты, ахметтанушы Аманкос Мектептегінің айтуынша, көптеген түркі халықтарының өкілдері басында оны қолдағысы келмей, қарсылық танытқан. Оны, тіпті, «Айқап» журналының позициясы да қолдайды. Ахмет Байтұрсынұлының пікірі біздің қазақ зиялыларын екіге бөлді. Тіпті, қазақ зиялылары жікке бөлінді деп айтуға болады. Себебі, жазу біздің мәдениетіміздің ең бір буынды жері еді. Ахмет Байтұрсынұлы болса, басты мәселе жазуда деп түсініп, жазуды өзгертті.

Ахаңа деген ел сүйіспеншілігі осындай ұлы істердің нәтижесі еді. 1922 жылдың соңында Ташкентке келуі оны айқын дәлелдеді. Байтұрсынұлының келетінін естіген Түркістан автономиялы республикасына қарайтын бүкіл қазақ үлкен әзірлік жасады. Ахаңның алдынан қазақ қана емес, 7 ұлттың өкілі шығады. Сөйтіп, қазаққа бұрын-соңды болмаған той өтті. Ахаңды қарсы алғанда, алғашында, қазақтар «Жасасын, қазақ! Жасасын, Ахмет Байтұрсынұлы!» деп айғайлап, ұрандайды. Ұлт ұстазының келуі құрметіне үлкен концерт беріледі. Ахаңа арнап екі жағына естелік сөз жазылған алтын жетон (медаль) тапсырылды. Көше-көшеге Абайдың, Ахаңның суреттерін іліп, бұл тойға халық өзі дайындық жасаған болатын.

Ахмет Байтұрсынұлына деген ел сүйіспеншілігінен кеңестік билік иелерінің аяқ тартқандығын түсінуге болатын еді. Ахаңның мерейтойын Кеңес орындарында тойлауға тыйым салуына да сол себеп болды. Алайда, халық кеңес орындарының қаулысына қараған жоқ, Смағұл Сәдуақасов басы-қасында болып, Ахаңның тойын Орынборда да атап өтті. Онда Сәкен Сейфуллин сөз сөйлеп, Смағұл «Ахаңның алдында» деген баяндама жасаған. Жалпы, түркі жұрты үшін сіңірген еңбегін терең талдап, жан-жақты көрсете білген Смағұл Сәдуақасовтың баяндамасы халықтың көңілінен шыққан еді.

Ел-жұрты елу жылдығын дүркіретіп атап өткен соң, кеңестік орындар, амалсыз, «Ахмет Байтұрсынұлына ел-жұрт шірік жеміс-жидек, жұмыртқа лақтырды» деген қауесет таратады. Ол, тіпті, сол кезде газетке де басылды. Алайда, арнайы тапсырыспен жазылған бұл мақала халықтың Ахаңа деген көңіліне қылау түсіре алған жоқ.



Әнуарбек ИСЛАМХАНҰЛЫ.

● «АҚШАМ» – 35

Қоғам өмірінде баспасөздің алар орны мен идеологиялық рөлі ерекше зор екені баршаға мәлім. Кеңестік кезеңде Қазақстан бойынша республикалық «Қазақ әдебиеті», «Социалистік Қазақстан» (қазіргі «Егемен Қазақстан»), «Лениншіл жас» (бүгінгі «Жас Алаш»), «Қазақстан пионері» («Ұлан») газеттері мен санаулы журналдарды есептемегенде, әр облыстың, аудандардың өздерінің бір-бір мерзімді басылымдары ғана болатын. Көптеген аудандық газеттер тек қана орыс тілінде шығатын.

«АҚШАМНЫҢ» АЛҒАШҚЫ ЖЫЛДАРЫ

Бір ғана мысал, «Вечерняя Алма-Ата» газеті өткен ғасырдың алпыс сегізінші жылдарынан тұрақты шығып тұрса да, қазақшасы болған емес. Ол тек қана тәуелсіздік алардың алдында ғана «Вечерканың» аудармасы ретінде жарық көріп, кейін жеке шаңырақ көтерді. Сөйтіп, миллионнан аса тұрғыны бар қалада өз тілімізде «Алматы ақшамы» газеті шыға бастады. Бұл еркіндікке ұмтылған ұлт үшін, әсіресе, алматылықтар үшін үлкен жеңіс еді.

«Ақшамның» алғашқы бас редакторлығына белгілі журналист Ислам Бейсебаев тағайындалып, оның орынбасары Бақытжан Жиенбаев болды. Редакцияға Қанат Қайымов, Қайрат Әлімбек, Ертай Бекқұлов, Марат Тұрапов, Жүніс Омаров, Қадірбек Құныпияұлы, Жексен Алпар, Махамбет Мәшекенов, Мұхтар Наушабаев, Раушан Имашева, Саркыт Ысқақова сияқты бірқатар қаламы жүйрік тәжірибелі журналистер тартылып, газет алғашқы күнінен-ақ оқырмандардың назарына ілігіп, ықыласына бөленді. Қала тіршілігін, елімізде болып жатқан елеулі өзгерістерді жан-жақты көрсете білген басылым тіпті республикамыздың өзге де өңірлеріне таралды. Сол кездерде жоғарыда аты аталған қаламгерлер көтерген «Ақшамның» туы әлі төмендеген емес, қадаған уықтары берік болып, шаңырағы бүгіндері биіктей түсті.



Кеңестік кезеңнің күйерер кезі еліміздің тарихында елеулі із қалдырды. Сол жылдарда ұмыт қалған ұлттық құндылықтарымызды қайта жаңғыртуға, ана тіліміздің көкжиегін кеңейтуге баса назар аударылып, ауқымды жұмыстар атқарылды. Ұлтшылдықтың белгісі деп біржола басып тасталған Наурыз мерекесі жаппай тойланып, жер-жерлерде «Қазақ тілі» қоғамдары құрылып, белсенді түрде жұмыс істей бастады. Жай ғана жұмыс емес, тәуелсіздікке, еркіндікке ұмтылған халықтың ынтасы мен жігерінде шек жоқ еді. Өкінішке қарай, сол қызу қарқын қазір бәсеңсіп, екпінін жоғалтып алған секілді. «Егемендікті алдық, енді бізге ештеңенің керекі жоқ» дегендей токмейілсуге тап болған жағдайымыз бар қазір.

Ол кездері Алматы қаласында ірі кәсіпорындар көп болатын. Зауыт-фабрикалар мен құрылыс алаңдарында сан мыңдаған адамдар еңбек ететін. Қала тұрғындарының басым бөлігі орыс және өзге ұлттар-ды. Сол себепті, алып қалада ұлттық салт-дәстүрлерімізді қайта жаңғырту мен қазақ тілін кең қолданысқа енгізу көптеген қарсылықтарға тап болды. Соған қарамастан, тәуелсіздіктің алғашқы жылдарында бұл бағытта қыруар жұмыс атқарылды. Алып кәсіпорындардың бәрінде «Қазақ тілі» қоғамдары ашылды. Оны қазақ басылымдары жарыса жазып, қызу қолдау көрсетті. «Ақшамның» журналистері әр нөмір сайын ол туралы тұрақты жазып, кездескен қарсылықтарды сынға алумен болды. Бұл бағытта «Алматы ақшамы» өткір материалдарымен бұрыннан келе жатқан аға газеттерге қарағанда батылырақ қимылдады. Оны газеттің сол жылдардағы тігіндісінен тауып, көз жеткізуге болады.

Тіл дегенім – ойымның азаттығы,
Тіл дегенім – халқымның ғажаптығы.
Баласынан айырылған анадай боп,
Аңырадың қанша жылы, Қазақ тілім!

– деп жазған екен әдебиет бөлімінің меңгерушісі, акын Қайрат Әлімбек тіл туралы бір толғанысында.

Сол кездегі жалындаған «ақшамдық» журналистердің басым бөлігі қазір зейнеткерлік жасында. Уақыттан жылдам ештеңе жоқ шығар, одан бері де жымын білдірмей 35 жыл уақыт өте шығыпты. Адам өмірінде ұмытылмастай, ерекше есте қалатын тұстары болады. Ел тағдыры шешілген күрделі кезең болғанмен, «Алматы ақшамы» газетінде қызмет еткен жылдарым жанымға жақын, мен үшін қымбат. Сондықтан да басылымды үнемі назарымда ұстап, жетістіктеріне қуанып, бүгінгі қызметкерлеріне шығармашылық табыс тілеп отырамын.

Зейнолла АБАЖАН,
Қазақстанның Құрметті журналисі,
ҚР Журналистер одағы сыйлығының лауреаты.



ШТЕЛДЕН ҚАРЖЫЛАНДЫРЫЛАТЫН ҰЙЫМДАР МЕН ЖЕКЕ ТҰЛҒАЛАР ТУРАЛЫ

2023 жылдың 20 қыркүйек айында ҚР Қаржы министрлігінің Мемлекеттік кірістер комитеті Қазақстан Республикасы Салық Кодексінің 29-бабының 3-тармағын негізге ала отырып «Шет мемлекеттерден, халықаралық және шетелдік ұйымдардан, шетелдіктерден, азаматтығы жоқ адамдардан ақша және (немесе) өзге де мүлікті алушылардың тізілімін» өзінің интернет-ресурсында жариялады.

Аталмыш тізімде ағымдағы жылдың бірінші жартыжылдығы бойынша **240** еліміздегі түрлі бағыттағы үкіметтік емес ұйымдар, жеке тұлғалар, коммерциялық компаниялар және басқа жергілікті ұйымдар көрсетілген.

Жалпы 2018 жылдан бастап Салық кодексінде шет мемлекеттерден, шетелдіктерден, халықаралық және шетелдік ұйымдардан ақша немесе өзге де мүлік алған адамдар үшін Мемлекеттік кірістер органдарына есептілік беру туралы талап енгізілді.

Осы норманы іске асыру мақсатында Қаржы министрлігі тиісті қағидаларды бекітіп, тізілімде шетелдік көздерден ақша немесе өзге де мүлік алған тұлғалардың атауы мен сәйкестендіру нөмірлерін (**БСН/ЖСН**) көрсетуде (*20.02.2018 ж. №240 бұйрық*).

Салық кодексінің 30-бабына сәйкес салық төлеушінің сәйкестендіру нөмірі туралы мәліметтер және оның атауы салық құпиясы болып табылмайды.

Тізілімге енгізілген тұлғалардың толық тізімін <https://kgd.gov.kz/ru/content/reestr-lic-poluchayushchih-dengi-i-ili-inoe-imushchestvo-ot-inostrannyh-gosudarstv> батырмасы арқылы қарауға болады.

Атап өтсек, 2022 жылғы 20 ақпанында Салық кодексіне шетелден қаржы алған тұлғалардың тізілімін жариялауды көздейтін тиісті заңнамаларға түзетулер енгізілген болатын.

Бұл шара азаматтардың заңды тұлғалар мен үкіметтік емес ұйымдарға сенім деңгейін арттыруға бағытталған.

МЕМЛЕКЕТТІК БАҚЫЛАУ САЛАСЫНДАҒЫ ЖАҢАЛЫҚТАР ТУРАЛЫ

Қолданыстағы мемлекеттік бақылау және қадағалау саласындағы заңнама, бизнес субъектілерінің құқықтары мен заңды мүдделерін қорғауға бағытталған бірыңғай қағидаларды айқындайды.

2023 жылдың 1 қаңтарынан бастап Мемлекет басшысының кәсіпкерлік қызмет саласындағы жаңа реттеу саясаты туралы тапсырмасы шеңберінде іске асырылған Кәсіпкерлік кодекстің (Кодекс) нормалары заңды күшіне енді.

Енді мемлекеттік бақылау нысаны профилактикалық бақылау, тексеру және тергеп-тексеру түрінде жүзеге асырылады.

Сонымен қатар, берілген рұқсаттар мен жіберілген хабарламалар бойынша біліктілік немесе рұқсат беру талаптарының сәйкестігіне жүргізілетін тексерудің жаңа нысаны енгізілді.

Тәуекел дәрежесін бағалау негізінде ерекше тәртіп бойынша жүргізілетін тексерулер алынып тасталды, ал субъектіге (объектіге) бару арқылы жүргізілетін профилактикалық бақылау осыдан бұрын сол субъектіге бармай жасалған жағдайда жүргізілетін болады.

Жоспардан тыс тексерулерді тағайындаудың негіздері 13-тен 8-ге дейін қысқарды (бақылау және қадағалау субъектісіне (объектісіне) бару арқылы талаптарға сәйкестігін тексеру және профилактикалық бақылау нәтижесінде анықталған бұзушылықтарды жою туралы нұсқамалардың орындалуын бақылау, жеке және заңды тұлғалардың, мемлекеттік органдардың өтініштері, прокурордың тапсырмалары, қайта тексеру, қылмыстық іс жүргізу және салық заңнамаларының негіздері жатады).

Барлық енгізілген жаңа нормалар Кодекстің 13-тарауына сәйкес реттеледі.

Сондай-ақ, тексерулерді есепке алу мен тіркеудің барлық процесі «Тексеру субъектілері мен объектілерінің бірыңғай тізілімі» (ТСОБТ) ақпараттық жүйесінде цифрландырылған, ол тіркеу сатысында бизнесті заңсыз тексерулерден қорғауды, сондай-ақ мемлекеттік бақылау мен қадағалаудың ашықтығын қамтамасыз етеді.

Атап айтқанда, 2023 жылы Комитетінің Алматы қаласы бойынша департаменті бизнеске қатысты тағайындалған 60-қа жуық заңсыз тексерулердің жолын кесті. Бақылау және қадағалау қызметінің нәтижелері бойынша тексерулерді тіркеу және есепке алу саласында жол берілген бұзушылықтар үшін мемлекеттік органдардың 35-тен астам лауазымды тұлғалары түрлі жауапкершілікке тартылды.

Барлық қызықтаратын мәселелер бойынша, оның ішінде тексеруші мемлекеттік органдар тарапынан заңсыз әрекеттері туралы өтініштерді, азаматтар және жеке кәсіпкерлер ҚР Бас прокуратураның бірыңғай байланыс орталығына (**телефон – 115**) және ҚР Бас прокуратурасының құқықтық статистика және арнайы есепке алу жөніндегі Комитетінің сайтында көрсетілген телефон нөмірлері бойынша Комитетке және оның аумақтық органдарына тікелей жүгіне алады.

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БАС ПРОКУРАТУРАСЫНЫҢ ҚҰҚЫҚТЫҚ СТАТИСТИКА ЖӘНЕ АРНАЙЫ ЕСЕПКЕ АЛУ ЖӨНІНДЕГІ КОМИТЕТІНІҢ АЛМАТЫ ҚАЛАСЫ БОЙЫНША ДЕПАРТАМЕНТІ МЕМЛЕКЕТТІК МЕКЕМЕСІ.

ЖАЗА ТАҒАЙЫНДАУДЫҢ КЕЙБІР МӘСЕЛЕЛЕРІ

Қазақстан Республикасы Конституциясының барлық адам заң мен сот алдында тең, ешкім де заңды күшіне енген сот үкімі болмай қылмыс жасауда кінәлі деп танылуға жатпайды және қылмыстық жазаға тартыла алмайды деген ережелерін негізге ала отырып, жасалған қылмыстық құқық бұзушылықтың сипаты мен ауырлығына, сотталушының қызметтегі және қоғамдағы дәрежесіне қарамастан, әрбір қылмыстық істі заңға сәйкес бұлжытпай шешуі қажет екендігіне соттардың назары аударылсын. Қылмыстық жаза тағайындаған кезде соттар Қазақстан Республикасы Қылмыстық кодексінің 52-бабында көрсетілген жаза тағайындаудың жалпы қағидаларын бұлжытпай сақталады.

Қылмыстық құқық бұзушылық жасалғаннан кейін міндетті түрде қылмыстық жауаптылықтың туындайтыны және заңда көзделгендей оған қандай да бір жаза тағайындалатыны анық. Жаза тек сотпен қылмыс жасап, кінәлі деп танылған тұлғаға ғана тағайындалады.

Жаза тағайындаудың өз ерекшеліктері бар, яғни жасалған қылмысқа байланысты жаза тағайындау кезінде қылмыстық құқық бұзушылықтың сипаты мен қоғамға қауіптілік дәрежесі, кінәлі адамның жеке басы, оның ішінде құқық бұзушылық жасағанға дейінгі және одан кейінгі оның мінез-құлқы, жауаптылық пен жазаны жеңілдететін және ауырлататын мән-жайлар, сондай-ақ тағайындалған жазаның сотталған адамның түзетуіне және оның отбасының немесе оның асырауындағы адамдардың тіршілік жағдайына ықпалы ескеріледі.

Сот қылмыстың ауырлығы бойынша қай санатқа жататындығын, қылмыстың қайталануын және оның түрлерін, қылмыстық құқық бұзушылықты жасау кезеңін, сотталушының қылмыстық құқық бұзушылықты жасау кезіндегі қатысу дәрежесін, қылмыстық құқық бұзушылықтың мақсатына жету үшін оның әрекеттерінің маңызын және келтірілген немесе келтірілуі мүмкін зиянның сипаты мен мөлшеріне ықпалын, сол қылмыстық құқық бұзушылық үшін көзделген жазаға қарағанда неғұрлым жеңіл жаза тағайындау негіздерін де ескереді.

Қылмыстық кодексте жеке адамға, отбасы және көмелетке толмағандарға, адамның және азаматтың конституциялық құқықтары мен бостандықтарына, мемлекеттің конституциялық құрылысына және қауіпсіздігіне, меншікке, қоғамдық қауіпсіздікке және қоғамдық тәртіпке қарсы және т.б. қылмыстық құқық бұзушылықтар көзделген, яғни сотпен жаза тағайындау барысында жасалған қылмыстың түрлеріне де назар аударылады.

Сотпен қылмыстық топтардың құрамында қылмыстық құқық бұзушылықты, сыбайлас жемқорлыққа қатысты, террористік, экстремистік қылмыстарды, сондай-ақ көмелетке толмағандарға жыныстық тиіспеушілікке қарсы қылмыстарды жасағаны үшін кінәлі деп танылған және түзету жолына түсуді қаламайтын бұрын сотталған адамдар үшін заңмен көзделген қатаң жазалау шараларын тағайындау міндетті түрде талқыланады.

Қазақстан Республикасы Бас прокуратурасының Құқықтық статистика және арнайы есепке алу жөніндегі комитетінің ақпараттық жүйесінде соттылық туралы ақпарат мәңгілік сақталады. Сол себепті, қылмыс жасау – азаматтың өз болашағына балта шапқанмен тең. Оның жасаған қылмысы өмірінің барлық кезеңдерінде кесірін тигізіп отырады.

А.Е.АЙБОЛТАНОВ,

Қазақстан Республикасы Бас прокуратурасы Құқықтық статистика және арнайы есепке алу жөніндегі комитетінің Алматы қаласы бойынша департаментінің Алатау ауданы бойынша құқықтық статистика және арнайы есепке алу саласында заңдылықты қадағалау жөніндегі аға прокуроры.

«ALMATY AQSHAMY» ГАЗЕТІНЕ ЖАЗЫЛЫҢЫЗ!

«Almaty aqshamy» газетіне
2023 жылға жазылу жүріп жатыр!

«ALMATY AQSHAMY» – алматылықтардың да, еліміздің барлық дерлік өңірлеріндегі оқырмандарымыздың да асыға күтетін, сүйіп оқитын басылымы! Қазақ сөз өнері мен журналистикасының дәстүрлі мектебі!

«ALMATY AQSHAMY» жарияланымдары мектептерде, колледждер мен университеттерде оқылады, әлеуметтік желілерде зерделеніп, талқыланады.

БІЗ газетімізді асыға күтетін оқырмандарымызбен және тұрақты авторларымызбен әрдайым БІРГЕМІЗ!

«Almaty aqshamy» газетіне «Қазпошта» АҚ Алматы поштамты бөлімшелерінде, «Евразия Пресс» агенттігі», «Эврика Пресс» пен «Дауыс» ЖШС-нің өкілдіктерінде жазылуға болады. Бізді almaty-akshamy.kz сайтынан да оқыңыздар!

«ALMATY AQSHAMY» ГАЗЕТІНЕ 2023 ЖЫЛҒА ЖАЗЫЛУ ИНДЕКСТЕРІ:

65503 (жеке жазылушылар үшін) 1 айға – 600,50 теңге, 3 айға – 1801,50 теңге, 4 айға – 2402 теңге
15503 (кәсіпорындар мен ұйымдар үшін) 1 айға – 1620,50 теңге, 3 айға – 4861,50 теңге, 4 айға – 6482 теңге
95503 (зейнеткерлер, мүгедектер мен ҰОС ардагерлері үшін) 1 айға – 440,50 теңге, 3 айға – 1321,50 теңге, 4 айға – 1762 теңге
Анықтама үшін телефондар: 8 (727) 293-08-12, 293-08-25.

ХАБАРЛАНДЫРУ

ҚҰРМЕТТІ ОҚЫРМАН!

Енді «Almaty aqshamy» газетіне жазылу үшін **post.kz** сайтын немесе мобильді қосымшасын пайдаланып, **онлайн** ресімдеуге болады. Жылдам іздеу жолағында сіз қажетті басылымды тауып, жазыла аласыз. Ресімдеу үшін сізге жиынтықтардың санын, жазылу мерзімін көрсетіп, кез келген банктің банктік картасымен төлем жасау керек. Баспа басылымдарын жеткізу ресімдеу кезінде көрсетілген мекенжай бойынша жүзеге асырылады. Қызмет түрі 24/7 қолжетімді. Жазылу индекстері мен жазылу құны «Almaty aqshamy» баспа нұсқасына жазылумен бірдей.

Баспа басылымдарын жеткізу ресімдеу кезінде көрсетілген мекенжайыңыз бойынша **Post.kz** қызметі арқылы жүзеге асырылады.

«Almaty aqshamy» газеті Алматы мен Астана қалаларына, сондай-ақ, Алматы, Ақтөбе, Атырау, Шығыс Қазақстан, Жамбыл, Батыс Қазақстан, Қарағанды, Қызылорда, Қостанай, Маңғыстау, Павлодар, Солтүстік Қазақстан, Түркістан облыстарына тарайды.

ЕГЕР:

- * *мекемеңіздің, компанияңыздың жұмысы ілгерілесін десеңіз;*
- * *бизнесіңіз мол табысқа қол жеткізгеніңіз келсе;*
- * *әр бастаған ісіңіз сәттілік пен пайда әкелсін десеңіз*

**«Almaty aqshamy» газетіне
ЖАРНАМА беріңіз де, ТАБЫСКЕР болыңыз!**

«Almaty aqshamy» Жарнама бөліміне хабарласып, қажетті ақпаратты мына телефондар арқылы ала аласыздар:
8 (727) 293-08-12, 293-08-25.

Алматы қаласы мәслихатының депутатын сайлау жөніндегі №4 бірмандаттық аумақтық сайлау округі бойынша округтік сайлау комиссиясының хабарламасы

Алматы қаласы мәслихатының депутатын сайлау жөніндегі №4 бірмандаттық аумақтық сайлау округі бойынша округтік сайлау комиссиясы «Қазақстан Республикасындағы сайлау туралы» Қазақстан Республикасы Конституциялық заңының 104-бабы 6-1-тармағының 1-тармақшасына сәйкес Алматы қаласы мәслихатының депутаттығына кандидаттар болып тіркелгенін хабарлайды:

№	Тегі, аты, әкесінің аты	Туған жылы	Атқаратын қызметі (кәсібі), жұмыс орны және тұрғылықты жері, сондай-ақ саяси партияға, қоғамдық бірлестікке қатыстылығы және қандай ұлт өкілі екені (кандидаттың қалауы бойынша)
1	Кукетаева Мадина Улановна	1978	Алматы қаласының заң палатасы, заңгер-консультант, тұрғылықты жері – Алматы қаласы; партияда жоқ, қазақ
2	Молдасанов Азамат Шорманканович	1976	«Қоғамдық позиция» газеті, шеф-редактор, тұрғылықты жері – Алматы қаласы; партияда жоқ, қазақ

2023 жылғы 28 қыркүйек



Бас директор –
Ержан ҚАЛЫМБАЙҰЛЫ
Қабылдау бөлмесі:
тел: 293-08-03.

Бас директордың орынбасары –
Абдухалил ЖАЛИЛОВ
тел: 293-08-03 (ішкі 102).

Бас директордың шығармашылық жөніндегі орынбасары –
Гүлжазира СЕЙДАХМЕДОВА
тел.: 293-04-28.

Бас редактор –
Төрехан ДАНИЯР
тел: 293-52-24.

Бас редактордың орынбасары –
Әнуарбек ӘУЕЛБЕК
тел: 293-52-36.

Жауапты хатшы –
Серік ЖҰМАБАЕВ
тел: 293-52-43.

Жаңалықтар мен ақпарат бөлімінің редакторы –
Рая ЕСКЕНДІР

Қала тынысы бөлімінің редакторы –
Нұржамал ӘЛІШЕВА

Шаһар шаруашылығы және тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық бөлімінің редакторы –
Құралай ИМАНБЕКҚЫЗЫ
тел: 293-52-36.

Коммерция бөлімінің жетекшісі –
Куаныш ДЮСКАЛИЕВ
тел: 293-08-12.
e-mail: d_kuanysh@mail.ru

Жарнама және тарату бөлімінің менеджері –
Әсел ТАШИБАЕВА
e-mail: dalemesh@vecher.kz
тел: 293-08-12.

Шығармашылық даму жөніндегі кеңес

Кеңес төрағасы –
Олжас СҮЛЕЙМЕНОВ

Кеңес мүшелері:
Мұрат ӘУЕЗОВ,
Сағымбай ҚОЗЫБАЕВ,
Сейітқазы МАТАЕВ.

Газетті жеткізу бойынша шағымдар болса, «Қазпошта» АҚ Алматы почтамына:
+7 707 932 39 18 телефондары арқылы хабарласыңыз

**Almaty
AQSHAMY**

Республикаға тарайтын қоғамдық-саяси қалалық басылым.

Меншік иесі:
«Alatay Aqparat» ЖШС.
alatayaqparat@mail.ru
Мекенжайымыз:
Индекс: 050022.
Шевченко көшесі, 106 А.

Газет сейсенбі, бейсенбі, сенбі күндері шығады.
Апталық таралымы – 18 663

Кезекші редактор –
Айнабай МӘДИ

Газет Қазақстан Республикасының Ақпарат және қоғамдық даму министрлігінің Ақпарат комитетінде тіркелген. Тіркеу туралы №КЗ80VPY00026040 куәлігі 19.08.2020 жылы берілген.

Газет «Almaty aqshamy»-ның компьютер орталығында теріліп, беттелді. Суреттердің сапасына редакция жауапты. Жарнама мәтініне жарнама беруші жауап береді. Автордың мақалалары редакция көзқарасын білдірмейді. Газет «Дәуір» ЖШС РПБК-де басылды. 050044, Алматы қаласы, Қалдаяқов көшесі, 17. Тел.: 273-50-53. Офсеттік басылым, көлемі 2 баспа табақ.

«Almaty aqshamy» газетінің электронды нұсқасы «AIR ASTANA» әуе компаниясы бортындағы жолаушыларға қолжетімді.



ҚАЗАҚЫ ПАЙЫМ

ҚАЗАН ҚАҚПАНЫ ҚАҒЫП ТҰР

Бұл айдың қара суық желі, тентек мінезді
«Бұғы мүйіз» амалы бар



23 қыркүйекте күн мен түн теңелді. «Мизам шуақ» амалы жүріп жатыр. Сүмбіле жұлдызы туды. Енді суда сүлік өледі. Су салқындап, жылқы шыбын-шіркейсіз, сүліктен қауіпсіз жайылады.



Сәрсенбек
БЕКМҰРАТҰЛЫ

Жылқының түгі жылтылдап, өзі қутындап, нағыз қоң жинайтын кезі осы. Аптаның соңында Қазан айы кіреді. Бұл айды бозқырау, күзем айы деп те атайды. Бұл атаулар осы айдағы ауа райы мен атқарылатын шаруаға қатысты қойылса керек.

Құстар жылы жаққа – мекеніне оралса, малшылар қойдан күзем алуды, күзекке көшуді бастайды. Бие ағытылып, күздік сойылады. Жауын көп болуы салдарынан күн салқын тартады. Қар ұшқыны білініп, суға мұз қатады, бозқырау түседі. Бұлт қоюланады. Пісіп үлгермеген көкөніс пен егін суыққа ұрынса, халық оны «қазан ұрды» дейді.

Қазан айының 9–14 жұлдызында «Қаражел амалы», 19–24 жұлдызында «Бұғы мүйіз амалы» кіреді. Қазан айында кіші қазан, үлкен қазан аталатын амалдар бар. Кіші қазан – 28 қыркүйектен кейін, 4–5 күн шамасында өтеді. Күн суы-

тып, алғашқы салқындық болады. Жиналмаған егінге, көкөніс пен бақша дақылдарына қауіп төнетіні осы уақыт.

Кіші қазанда жел тұрып, күн аздап суытып, жаңбыр жауады. Тұщы шөптердің бояуы оңып қурайды. Ал ащы шөптер: шағыр, сораң, қара жусан, алабота, т.б. піседі, түшиды. Қазақ бұл құбылысты «шөпті қазанның қағуы» дейді. Жоғарыда аталған ащы шөптерді «қазан қақпай мал жемейді. Мал өсіретін ел бұл шөптерді «қазан қақпай» шаппайды. Қазан қақпай шабылған ащы шөп малдың ішіне тиеді, ас болмайды.

Бүгін григорианша айдың соңғы аптасы (28), қазақша (ескі есеп бойынша) айдың жартысы (14), ай есебі бойынша, қыркүйектің ортасы (13). Апта айдың ортасы мен соңына дөп келіп тұр. Күн құбылуы, жаңбыр жаууы, салқындық орын алуы ықтимал...

Алдағы күндері 28 қыркүйек – 5 қазан аралығында ауа райы құбылмалы болады. Еліміздің бір аймағында салқын болса, екінші аймағында күн ысыды, ал Алматы ауа райында тұрақсыздық орын алады: бірде ашық, бірде жауын, оқта-текте жел тұрады...

Күн сол қалпы салқындықты сақтап қалады деуден аулақпыз. Алда әлі «Кемпір шуақ» амалы бар...

БАБАЛАР БОЛЖАМЫ ҚАЗАННЫҢ ҚАРА ЖЕЛІНЕ ОРАЙ ЖАСАЛҒАН ЖОРАМАЛ:

- * Егер бұлт желге қарай көссе, онда кешікпей қар жауады, бұлт ортасынан ыдыраса, ауа райы бұзылады.
- * Бұлт шетінен ыдыраса, онда ауа райының оңалайын дегені.
- * Оңтүстіктен ұзақ соққан жел бағытын өзгертіп, шығыс жақтан соғар болса, ауа райы жақсарады.
- * Оңтүстіктен соққан жел бағытын өзгертіп, батыстан соғар болса, ауа райы бүлінеді.
- * Бұлт көкжиектен будақ-будақ өркештене көтеріліп, іле-шала көрінбей кетсе, онда қатты жел тұрып, қақаған аяз болмақ, бұлт өркештенген күйі көтеріле берсе, қалың қардың белгісі.

КОНФЕРЕНЦИЯ



Суретті түсірген Самат ҚҰСАЙЫНОВ.

ЖАСЫЛ САЛА

мамандарының жиналысы өтті

Алматыда 26–27 қыркүйек күндері қазақстандық және халықаралық жасыл сала мамандарын біріктіретін Орталық Азия өсімдіктер тәлімбақтары қауымдастығының тұңғыш конференциясы өтті. Жиынның негізгі тақырыбы – «Қазақстан Республикасындағы тәлімбақтар шаруашылығы, көгалдандыру және абаттандыру: шындық және сын-қатерлер».



Досбол
АТАЖАН

Конференция Қазақстан мен Орталық Азиядағы өсімдіктер тәлімбақтарын дамыту, қалаларды көгалдандыру мен абаттандырудағы соңғы жетістіктер мен инновацияларды талқылау және тәжірибе алмасу мақсатында ұйымдастырылды.

– Бүгінгі жиын аясында өзара тәжірибе алмасып, белгілі бір мәселелердің шешімін ортақ таба аламыз деген үміттемін. Тәлімбақтар – бұл көгалдандыру мен абаттандыруға жол ашатын жасыл әлемнің бастапқы нүктесі деуге болады. Сондықтан осы сала туралы пікір алмасу бәрімізге пайдасын тигізеді деп ойлаймын, – деді Орталық Азия өсімдіктер тәлімбақтары қауымдастығының директоры Александр Тайматов.

Конференция аясында Green SPACES EXPO көрмесі ұйымдастырылып, жасыл салаға арналған отырғызу материалдары мен құрал-жабдықтар, тыңайтқыштар, биоқорғаныс құралдар және қажетті техникалар ұсынылды.

– Бұл конференцияның Алматы қаласы үшін үлкен маңызы бар. Осы жиынға көгалдандыру мен абаттандыру саласында жұмыс істейтін әріптестерім қатысып отыр.



Алматының тарихи қалыптасқан жасыл қала, бақ қала деген аты бар. Енді біз шаһарымыз үшін жаңа жауапты кезеңде тұрмыз. Бүгінгі күні Президентіміз де көгалдандыру саласына үлкен мән беріп отыр. Осы мақсатта қала басшысы қаланың жасыл инфрақұрылымын дамыту бағытында жұмыс істеп келеді, – деді Медеу ауданының әкімі Еркебұлан Оразалин.

Сондай-ақ, конференцияның алғашқы күні Қазақ ұлттық аграрлық зерттеу университеті Басқарма мүшесі Пірімқұл Ибрагимов пен Орталық Азия өсімдіктер тәлімбақтары қауымдастығының директоры Александр Тайматов өзара ынтымақтастық туралы меморандумға қол қойды. Меморандум арқасында айтылған жоғары оқу орнының студенттері мен түлектері жасыл салада жұмыс істейтін өндіріс орындарында тәжірибе алып, жұмыс істеуге мүмкіндік алады.

КАРИКАТУРА



Карикатураны салған Ғалым СМАҒҰЛ.

